

#ӘділеттіҚазақстан

Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

РУХАНИЯТ



ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ,
ЭКРАНЫҢДЫ ТҮЗЕ

6-7

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



7,12

ЖЫР-МҮШӘЙРА



«АЛАШТЫҢ
АЗАТТЫҚ
РУХЫ»

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.09.2022

Түнде:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

25.09.2022

Түнде:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №110 (6245) 24 қыркүйек, сенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Алматы қаласының әкімі Түрксіб ауданының тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Түрксіб ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы жөнінде баяндама жасап, тұрғындардан келіп түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстарға шолу жасады. Әкімдіктің мәліметінше, ауданға қатысты келіп түскен 115 сұрақтың 32-сіне қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді, бақылауға алынған 83 сұрақтың 73%-ы (61) орындалды, 22 тапсырма бойынша жұмыс жүргізілуде. Кездесуге 350-ден астам аудан тұрғыны қатысты.

4-5

ЭКОНОМИКА

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ: екі жаңа кәсіпорын ашылды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алматыдағы екі бірдей кәсіпорынның ашылуына қатысты. Алғашқысы тау-кен өндіру жабдықтарын жасау және қызмет көрсету саласындағы әлемдік көшбасшының суперсервиси Weir Minerals болса, екіншісі «Қаз-Диа-Тест» ЖШС зауыты – диагностикалық тест-жүйелерін өндіретін кәсіпорын.

3

ҚЫСҚА...

- Президент сайлауына үміткерлерді ұсыну басталды.
- Бүгін Шоқан Уәлиханов атындағы алаңда «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» өтеді.
- Алматыда «Орталық Азиядағы туберкулез індетін жою: озық тәжірибелер, сын-қатерлер мен перспективалар» атты халықаралық конференция жұмысын бастады.
- Әуезов ауданы тұрғындарының өтінішіне орай апатты ағаштарды санитарлық кесу бойынша баспасөз туры өтті.
- Шаһардың индустриалық аймағында Chery, Changan, Navai автомобильдерін шығаратын толық циклді мультибрендті зауыт салынады.
- Елімізге тауарларды баж салығынсыз әкелу нормасы өзгерді.
- Алматыда 24-25 қыркүйекте Shai isheik Food Fest тағам фестивалі өтеді.
- 75 мың гектар жер мемлекетке қайтарылды.
- Мегаполисте үш өзеннің арнасы қайта қалпына келтіріліп жатыр.
- Футболдан Қазақстан құрамасы Беларусь құрамасын 2:1 есебімен жеңіп, Ұлттар лигасының «В» дивизионына жолдама алды.
- Қазақстандық Евгений Федоров Воллонгонгтағы тас жолда велоспорттан Әлем чемпионы атанды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 (707) 932-39-18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысының төрағалығымен Ақордада Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің шұғыл отырысы өтті.

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясы 77-сессиясына қатысу үшін Нью-Йоркке барған сапарының және бірқатар мемлекеттің басшыларымен, БҰҰ басшылығымен, АҚШ іскер топтарымен кездесулерінің қорытындысы аясындағы халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелері қарастырылды.

■ СЕНАТ

Сенат депутаттары 25 қазанды ұлттық мереке – Республика күні деп белгілеу туралы заң жобасын қолдады, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚПАРАТ». Аталған жоба «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография және мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына енгізілді.

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға мынадай өзгерістер енгізу жоспарлануда: 25 қазан ұлттық мереке – Республика күні деп белгіленеді; 16 желтоқсан мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні болып бекітіледі. «1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні» мерекелік күндер тізімінен алынып тасталды.

«25 қазан ұлттық мереке – Республика күні болып бекітілді. Бұл тарихи және өте маңызды шешім. Еліміздің тәуелсіздігі шынымен де осы күннен басталады. Сондықтан бұл күннің ұлттық мереке ретінде белгіленуі маңызды қадам. Мемлекеттілік пен егемендіктің тұғыры. Болашақта бұл мереке тәуелсіздікті дәріптеп, нығайта түсуге септігін тигізеді деп сенеміз», – деді Сенат спикері Мәулен Әшімбаев Сенат отырысында.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, Ұлттық Құрылтайдың бірінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынған болатын.

■ ШЫҰ

Астанада ШЫҰ Бас прокурорлары бас қосты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алқалы жиын қатысушыларына құттықтау жолдады.

Құттықтауды ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Ғизат Нұрдаулетов оқыды. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде елден заңсыз шығарылған қаражатты қайтару өзекті мәселе болып отыр.

«20-шы мерейтойлық отырыстың күн тәртібіне заңсыз шығарылған қаражатты қайтару бойынша тәжірибе алмасу мәселесі енгізілді. Бұл мәселе ШЫҰ-ны жаһандық экономикалық платформаға айналдыру перспективалары саласында ерекше өзекті болып отыр. ШЫҰ аясында өзара тиімді әріптестіктің зор әлеуетін толыққанды пайдалану көп жағдайда трансұлттық экономикалық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бірлескен күш-жігердің тиімділігіне байланысты екені анық. Бүгін нәтижелі пікір алмасу өтіп, осы бағыттағы жаңа тәсілдер әзірленеді деп сенемін. Отырысқа қатысушыларға қойылған міндеттерді шешуде табыс тілеймін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Астанада Машина жасау және металл өңдеу жөніндегі екінші халықаралық мамандандырылған «Kazakhstan Machinery Fair» көрмесі аясында өткен Қазақстан машина жасаушыларының X форумының пленарлық отырысына қатысты.

Форумның ашылуында Премьер-Министр Әлихан Смайылов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін оқып берді. Отандық машина жасау саласының республика экономикасының тұрақты дамуына елеулі үлес қосып келе жатқанын айтып өтті. Мәселен, индустрияландыру жылдарында машина жасаудағы өндіріс көлемі 6 есеге өсіп, 2,3 трлн теңгеге дейін көтерілді. Саланың өсімі соңғы 3 жылда орта есеппен 20%-ды құрап отыр. Әлихан Смайылов Үкіметтің ашық диалогқа және бизнеспен бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін айтты.

■ МИНИСТР

Алматы қаласының халқымен кездесу барысында ТЖ министрі жер сілкінісі туралы ерте хабарландыру жүйесін енгізу бойынша жұмыстың басталғаны туралы айтты.

Министр қала аумағында 17 бақылау станциясы орналасқанын, 2023 жылдың соңына дейін 28 станция орнату жоспарланғанын атап өтті.

Ағымдағы жылы күшті жер сілкіністері туралы ерте хабарлау жүйесін енгізу бойынша жұмыс басталды. Алматы қаласының маңында «Dargmen» мобильді қосымшасымен ұштасқан жер сілкінісі туралы ерте хабарлау жүйесінің 9 сейсмикалық станциясы орнатылды. «Dargmen» – ТЖ қауіпі туралы халықты дереу хабардар етуге мүмкіндік беретін машина ерекше. Мысалы, магнитудасы 4 балл және одан жоғары жер сілкінісі кезінде сейсмотақчиктер іске қосылғанда азаматтардың смартфондарына хабарламалар автоматты түрде жіберіледі.

«2000 жылдан бастап 240-қа тарта объект сейсмикалық күшейтілді, биыл 7 білім беру және денсаулық сақтау объектілерінде жұмыстар аяқталады. Әкімдіктің қолдауымен құлақтандыру жүйесі жаңғыртылып, адамдар көп жиналатын ғимараттар үшін цифрлық жабдықтар сатып алынды. Еліміздің сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2023 жылға дейінгі Жол картасын іске асыру жалғасуда. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардан Жол картасын уақытылы іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдауды сұраймын», – деді министр.

● САЙЛАУ–2022

МАҢЫЗДЫ ФАКТОР

Президент сайлауы еліміздегі ауқымды реформалардың жаңа кезеңіне айналуы тиіс

Қоғамның біртұтастығы, мемлекеттің тұрақтылығы, елдің кез келген ішкі және сыртқы сын-қатерлерге лайықты жауап беру мүмкіндігі тек бірқалыпты және тұрақты саяси жүйе жағдайында ғана қамтамасыз етіледі. Сондықтан геостратегиялық тұрақсыздықтың күшеюі жағдайында алдағы президенттік сайлау елімізді ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалардың жаңа кезеңі алдында топтастырудың маңызды факторына айналуы тиіс.



масыз етті. Ал жаңа үлгіні іске қосу үшін бүкіл саяси жүйені, соның ішінде Президент, Парламент, Үкімет, мәслихат сияқты мемлекеттің негізгі институттарын қайта іске қосу қажет», – деп жазды Мемлекеттік кеңесші.

Ерлан Қарин тұжырымдағандай, алдағы сайлау науқаны туралы пікірталастар саяси ортада көптен бері жүріп жатыр. Бірқатар сарапшылар көктемде кезектен тыс сайлау өткізуді жақтаған болатын. Ағымдағы сайлаудың ерекшелігі алдағы сайлау науқандарының барлық кестесін алдын ала жариялау болды. «Прези-

денттік сайлауды Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті Жарлыққа қол қойылғанға дейін бір айға жуық уақыт бұрын жариялады, ал бұған дейін барлық кезектен тыс сайлауды өткізу күні туралы Жарлыққа қол қойылған болатын. Бұл уақыт алдағы науқанды кең қоғамдық талқылауға ғана емес, әлеуетті қатысушыларды алдын ала дайындауға да жеткілікті болды. Заң бойынша сайлау тағайындалған күннен бастап екі ай ішінде өтеді, бірақ іс жүзінде бүкіл науқан үш айға созылады», – деп түйіндеді Е.Қарин.

● ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНДА

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР БЕКІТІЛДІ

23 қыркүйекте Президент сайлауына үміткерлерді ұсыну басталды. Үміткерлер 11 қазан, сағат 18.00-ге дейін тіркеле алады, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Нұрлан Әбдіровтің төрағалығымен өткен Орталық сайлау комиссиясының отырысында кезектен тыс Президент сайлауын өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілді.

Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петровтың айтуынша, президенттікке кандидаттарды ұсыну құқығы «Сайлау туралы» Конституциялық заңның 55-бабы 1-тармағына сәйкес белгіленген тәртіппен тіркелген республикалық қоғамдық бірлестіктерге тиесілі. Ұсыну туралы шешім республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғарғы органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Сайлау жарнасының мөлшері – 3 миллион теңге. Сайлау жарнасы кандидатқа егер ол лауазымға сайланса немесе кемінде 5 пайыз дауыс алса, қайтарылатынын атап өткен жөн.

Кандидаттарға қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасының азаматы болуы; Қазақстан аумағында соңғы 15 жыл бойы тұруы; жоғары білімінің болуы; жасы 40-қа толған болуы; белсенді сайлау құқығының болуы; мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы лауазымда кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; мемлекеттік тілді еркін меңгеруі тиіс.

«Президенттікке кандидаттарды қолдау үшін облыстар, республикалық маңызы бар қала-

лардың және Астананың кем дегенде 2/3 атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылар санының кем дегенде 1 пайызының қолын жинау қажет. Қол қою парақтарын беру кандидаттың Конституция мен Конституциялық заңның талаптарына сәйкестігін анықтағаннан кейін 5 күннің ішінде жүргізіледі. Әр кандидатты қолдау үшін 118 273 сайлаушының қолы жиналуы тиіс», – деді Константин Петров. Ол сайлау бюллетеньдерінде «Барлығына қарсымын» графасы болатынын, яғни сайлаушылар барлық кандидатқа қарсы дауыс бере алатынын мәлімдеді. «Барлығына қарсымын» графасы заңмен қарастырылған. Егер азамат бірде-бір кандидатты таңдамаса, ол барлығына қарсы дауыс беруге құқылы.

Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидаттар сайлауға дейінгі үгіт-насихат жұмысын 21 қазанда бастайды. Аталған іс-шара 28 күнге созылмақ. Үгіт жүргізу 18 қараша күні сағат 18.00-де тоқтатылады. 19 қараша – сайлау алдындағы тыныштық күні. 20 қараша дауыс беру күні, яғни сайлау. 21 қарашадан 27 қарашаға дейін сайлаудың алдын ала қорытындысын шығару жүргізіледі. 27 қараша нәтижелерді белгілеу және сайланған президентті тіркеу жүзеге аспақ.

Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина

хабарлағандай, сайлау науқанына шамамен 20,5 млрд теңге жұмсалмақ. «Сайлау комиссиясының 70 мыңнан астам мүшесінің еңбекқысы ең төменгі жалақы критерийіне сай төленеді. 2019 жылы Президент сайлауы ұйымдастырылғанда ең төменгі жалақы 42 500 теңге болды. Биыл елімізде ең төменгі жалақы 60 мың теңгеге көтерілді. Бүгінде біз Қаржы министрлігіне сайлау науқанына арналған шығыстарды шамамен есептеп, сметасын ұсындық. Қазір бұл мәселе талқыланып жатыр. Сайлау науқанына 20,5 млрд теңге көлемінде қаржы қажет деп отырмыз. Сондай-ақ, сайлау жәшіктерін сатып алуға қаржы сұрадық», – деп мәлімдеді спикер. Осы ретте биылғы жылы жаңадан құрылған үш облыста (Абай, Жетісу, Ұлытау) сайлау учаскелері ашылатынын да айта кеткен жөн.

Сәбила Мұстафина мәлімдегендей, Қазақстан Президенттігіне кандидаттардың әрқайсысының оның үгіт-насихат жұмыстарын қолдау үшін бюджеттен теңдей қаражат бөлінеді. Алдын ала есептеулер бойынша бұл сома 10 млн теңгені құрамақ. «Бізге алдын ала есептеулер бар. Барлық тарифтер бойынша БАҚ үшін (кандидаттарды теледидардан, радиодан шығару, баспа басылымдарына орналастырады), үй-жайды, көлікті жалға алу, әр кандидатқа шамамен 10 млн теңге бөлінеді. Бұл мәселе бойынша Үкіметтің шешімі мен Орталық сайлау комиссиясының шешімін әлі алған жоқпыз. Бұл жоспарлы шығындар», – деп түсіндірді С.Мұстафина.

Заңға сәйкес, алдағы сайлауда жеңіске жеткен кандидат елді жеті жыл басқармақ және ол ең жоғары лауазымды қызметті бір-ақ мерзім атқарады, қайта сайлана алмайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ: екі жаңа кәсіпорын ашылды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алматыдағы екі бірдей кәсіпорынның ашылуына қатысты



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Weir Minerals компаниясының әлемдік көшбасшысының супер сервисін Kazstroy Trade ЖШС Алматы индустриалды аймағындағы шағын өнеркәсіп саябағында жүзеге асырады. 2450 шаршы метр алаңда энергетикалық сектор, тау-кен өндіру саласы және жалпы мақсаттағы өнеркәсіп үшін шлам жабдығын шығару жоспарлануда: сорғылар, гидроциклондар, клапандар, елеуге арналған жабдық, резеңке және тозуға төзімді футеровкалар. Жоспарланған өндірістік қуаты – жылына 600 бірлік өнім. Жобаға салынған жалпы инвестиция 1,25 млрд теңгені құрады. Кәсіпорын 60-тан астам жаңа жұмыс орнын ашады.

Жобаны іске асыру өз қызметінде тау-кен өндіру жабдығын қолданатын ірі компаниялардың сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

«Бұл – Орталық Азиядағы алғашқы зауыт. Weir Minerals-тың KAZAX Minerals және Kazzinc сияқты қазақстандық компаниялармен серіктес әрі мол тәжірибесі бар. Weir

Minerals жабдықтары бұрыннан қалыптасқан және жергілікті мыс шахталарында сенімді жұмыс істейді. Енді отандық компаниялардың құрал-жабдықтарды сатып алуға және қызмет көрсетуге мүмкіндігі болады», – деді Ерболат Досаев өзінің құттықтау сөзінде.

Қала басшысы, сондай-ақ, «Қаз-Диа-Тест» ЖШС зауытының ашылуына қатысты. Ол тест-жүйенің 4 түрін: экспресс-тест, ПТР-тест, ИФТ-тест, Петри тостағынын шығаратын болады. Зауыттың қуаттылығы – жылына 1,83 млн тест. Жобаның құны – 4,6 млрд теңге, оның 50%-ы – өз қаражаты, 50%-ы – қарыз қаражаты. 65 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда.

«Мұндай жобаны іске асыру, әсіресе соңғы жылдардағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, дер кезіндегі әрі өзекті шешім болып табылады. Коронавирус пандемиясы «Басты байлық – денсаулық» екенін нақты көрсетті. Сондықтан жеке тестілеу жүйелерінің болуы – Алматы қаласы ғана емес, бүкіл Қазақстан және жалпы денсаулық сақтау жүйесі үшін маңызды қадам», – деді қала басшысы кәсіпорынның ашылу салтанатында.

Ерболат Досаев индустриалды аймақтың басқарушы компаниясына өндірістік кәсіпорындардың жұмысы үшін барынша қолайлы жағдай жасауды тапсырды.

ЖОЛДАУ–2022

Кеше Достық үйінде ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыровтың қатысуымен Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын талқылау бойынша Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшелерімен кездесу өтті.

Атқарар жұмыс ауқымды

Қоғамдық кеңес мүшелері вице-министрмен кездесті

Кездесуге қатысушылар Мемлекет басшысының Жолдауын, оның ішінде қоғамдық кеңестер қызметін қайта форматтаудың маңыздылығы туралы мәлімдемені, қазіргі жағдайда қоғамдық кеңестер жұмысының тиімділігін арттыруды талқылады. Қоғамдық кеңес, үкіметтік емес ұйым мүшелері және сарапшылар қатысқан алқалы жиынды Алматы қалалық қоғамдық кеңестің төрайымы Алтынай Көбеева ашып, жүргізіп отырды.

Алғашқы болып сөз алған Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров жиналғандарға алдымен өзін таныстырып, одан кейін қоғамдық кеңестің міндеттері мен алдағы уақыттарда атқарылатын іс-шаралары туралы сөз қозғады.

«Көптің көкейіндегі мәселені қозғап, елдің мүддесін қорғап, халықтың мұң-мұқтажын құзырлы орындарға жеткізуде әр саланың өкілдерінен құралған қоғамдық кеңестің рөлі зор. Менің мақсатым – бүгін өздеріңізбен жақынырақ танысып, Мемлекет басшысының Жолдауда айтылған қоғамдық кеңестер жұмысының тиімділігіне және оның одан әрі дамуы перспективаларына талдау жасау. Осы уақытқа дейін қоғамдық кеңес ел дамуына үлес қосатын көптеген жұмыстарды атқарып келеді. Алдағы уақытта да белсенді ҰЕҰ-лар өкілдерін, партиялар мен азаматтық институттарды барынша тарта отырып, ұйымның жұмысын жандардыра түскеніміз жөн. Ол үшін Сіздердің ұсыныс-пікірлеріңіз бізге қажет», – деді Д.Қадыров қоғамдық кеңес мүшелерімен Жолдауды талқылау кезінде.

Спикердің сөзіне қарағанда, қоғамдық кеңес жұмысы ашық қоғамды қалыптастыруда және «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.

«Алматы қаласының қоғамдық кеңесі атқарушы және заңнамалық билік органдарының алдында қоғамның қоғамдық-маңызды мәселелерін шешетін беделді институционалдық орган позициясын иеленуге әрдайым талпынады», – дейді Алматы қалалық қоғамдық кеңестің төрайымы Алтынай Көбеева.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ҮНДЕУ

Ардагерлер кеңесі Үндеу қабылдады

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі президиумының кеңейтілген отырысы өтіп, онда «Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асырудағы қалалық Ардагерлер кеңесінің міндеттері туралы», «Әуезов аудандық Ардагерлер кеңесінің «Аманат» партиясы қалалық филиалымен бірлескен жұмысы туралы» мәселелер қаралды.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Жиында қалалық Ардагерлер кеңесі президиумының Үндеуі қабылданды. Қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов ҚР Президентінің Жолдауын жүзеге асыру шаралары туралы баяндамасында:

«Биылғы Жолдау азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған. Ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерлемесін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ына, ең жоғары деңгейін 120%-ға дейін өсіру сияқты шаралар, сондай-ақ Мемлекет басшысының отбасын қолдауға бағытталған жаңа «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын дайындау туралы бас-

тамасы қала ардагерлер қауымының мақұлдауы мен қолдауына ие болды», – деді.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі президиумының мүшелері 230 мың ардагердің атынан қазақстандықтар мен қала тұрғындарына Республика Президентінің Қазақстандағы қайта құру процесінің маңызды кезеңіне айналатын бастамаларын және алдағы кезектен тыс сайлауды қолдау туралы Үндеу жасауға бірауыздан шешім қабылдады. Жиын аясында Әуезов аудандық ардагерлер кеңесінің «Аманат» партиясының аудандық филиалымен бірлескен жұмысы туралы есебі тыңдалды.

Шара соңында бірқатар қаулылар қабылданды.

АНТИКОР

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚ

Қалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кездесу өтті

Алматы қаласына жұмыс сапары барысында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов жұртшылықпен ашық диалог жүргізді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шараға Алматы қаласының үкіметтік емес ұйымдары мен қоғамдық кеңесінің өкілдері қатысты. Саян Ахметжанов іссапарының негізгі мақсаты мегаполистің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасында көрсетілетін халықтың негізгі мәселелерін шешу екенін атап өтті.

«Алматы қаласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жемқорлықтың алдын алу шараларымен танысу үшін мемлекеттік емес ұйымдармен арнайы кездесу өткізіп, жемқорлық тәуекелдеріне қатысты сұрақтарды талқылап, әрі қарай қолданылатын шараның тиімдігін талдау үшін «Дөңгелек үстел» өткізіп отырмыз.

Өкінішке қарай, қалада қала тұрғындарын толғандыратын 6 негізгі сала анықталды. Олар: денсаулық сақтау мен білім беру, экология, жер қатынастары, экономика мен қаржы, құрылыс пен тұрғын үй салалары, сондай-ақ фискалдық сала. Аталған салалардағы мәселелерді шешу үшін халықпен тығыз жұмыс істеуіміз керек», – деді Саян Ахметжанов.

Қоғам өкілдері өз пікірін білдіріп, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жаңа ұсыныстарды қолдады.

БИЗНЕСТЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сондай, ақ Алматының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі қала әкімдігімен бірлесіп кәсіпкерлермен бизнесті қорғау мәселелері бойынша «Дөңгелек үстел» өткізді.

«Алматы бас жоспары» алаңындағы кәсіпкерлермен бизнесті қорғау мәселесі бойынша кездесуге ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, мемлекеттік органдардың басшылары және түрлі қызмет салалары бойынша бизнес өкілдері қатысты.

Жиында Превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдығы екенін айтты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында бүгінде заңға бағынатын, бәсекеге қабілетті бизнесті сыбайлас жем-

қорлық көріністерінен қорғау бойынша жан-жақты шаралар қабылдау қажет. Әрбір мемлекеттік қызметкер сыбайлас жемқорлық пен парақорлықты жою үшін жұмыс істеу керек», – деп атап өтті Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Кездесу соңында кәсіпкерлердің, мемлекеттік органдар өкілдерінің мәселелері талқыланып, әкімшілік кедергілерді жою және мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол бермеу бойынша бірқатар тапсырмалар берілді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ КАРТАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Аскар Әмриннің төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қалалық комиссияның кезектен тыс кеңейтілген отырысы өтті.

Отырысқа аудан әкімдері, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, квазимемлекеттік сектордың басшылары және қоғам өкілдері қатысты.

Аскар Әмрин дер кезінде қолданған тиімді шара арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға болатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы бекіткен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын іске асыру аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған алдын алу шараларының басымдығын қамтамасыз ету қажет», – деді қала әкімінің орынбасары Аскар Әмрин.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов өзінің баяндамасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы әзірленгенін, оған елдің әрбір өңірінің өз ерекшеліктері енгізілгенін атап өтті.

Картада процестердің ашық еместігі, әкімшілік кедергілердің болуы, заңнаманың жетілдірілмеуі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты нақты шешімнің табылмауы салдарынан орын алатын өзекті мәселелердің тізбесі көрсетілген.

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» типтік базалық бағыты енгізілген жобалық басқару аясында әкімдік өз тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді. Әкімшілік кедергілерді жою, сондай-ақ ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету мақсатында білім беру, денсаулық сақтау, көлік, жер қатынастары салаларындағы жұмыс оңтайландырылды, мемлекеттік қызметтер электрондық форматқа ауыстырылды. Мемлекеттік аппараттың қоғаммен сындарлы диалогы жолға қойылған.



ӘКІМ

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

Алматы қаласының әкімі Түрксіб ауданының

Айнұр
СЕНБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Түрксіб ауданы тұрғындарымен екінші кездесуін қалыптасқан дәстүр бойынша баяндамадан бастады.

СУМЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ҚҰБЫР ЖҮРГІЗУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Бүгінде аудандағы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту проблемасы өзекті мәселе болып қалуда. Қазіргі таңда «Шуакты», «Жас қанат», «Төменгі пятилетка» шағынаудандары мен Закарпатская көшесінде 138,2 км желі құрылысы жүргізіліп жатыр. Бүгінде 62,2 км желі тартылды, жыл соңына дейін 22,7 км су және кәріз құбырларын жүргізу аяқталады. Аудан бойынша барлығы 62,2 км сумен қамту (35,6 км) және құбыр (26,6 км) желісі жүргізілді. Жылдың соңына дейін тағы 22,7 км сумен қамту (13,7 км) және құбыр (9,0 км) желісі жүргізіледі.

Нәтижесінде биыл «Шуакты» және «Жас қанат» шағынауданының, сондай-ақ Закарпатская көшесінің 2,7 мың тұрғыны орталықтандырылған сумен қамтылып және құбыр желісіне қосылады.

«Төменгі пятилетка» шағынауданында желілердің құрылысы 2023 жылы аяқталады. Бүгінде жұмыстардың 40%-ы орындалды, 98,4 км желінің (сумен қамту – 66,5 км, канализация – 31,9 км) 40 км-і (сумен қамту – 27 км, канализация – 13 км) салынды. Осылайша 2023 жылдың III тоқсанында «Төменгі пятилетка» шағын ауданының 16 мың тұрғыны қалалық желілерге қосылатын болады.

«Әлмерек», «Қайрат», «Маяк» шағын аудандарына 55,8 км желі жүргізу үшін



жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу аяқталды. Оның ішінде – 30,7 км сумен қамту және 25,1 км құбыр желілері. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын 2023 жылдың II тоқсанында бастау жоспарланып отыр.

Өткен кездесуде көтерілген мәселелерді ескере отырып, орталық су бұру желісі жоқ ауданның 7 учаскесіне (9,5 мың үй) тексеру жүргізілді. 2023 жылдың IV тоқсанына дейін осы мәселені шешу үшін құбыр желісін салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірленетін болады.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Түрксіб ауданындағы жолдардың пайдалану сипаттамаларын жақсарту үшін

жалпы ұзындығы 10,3 км 18 көшеде орташа жөндеу аяқталды. Қазан айының соңына дейін ауданның тағы 82 көшесінде, сондай-ақ Құлжа трактісі - Бұқтырма көшесіндегі жолайрықтың құрылысын аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, осы жылдың желтоқсан айында Б.Хмельницкий көшесін «Қайрат» шағынауданынан Құлжа күре жолына дейін ұзартуды жобалауды бастау үшін тендер өткізіліп жатыр.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК РЕТКЕ КЕЛДІ

Ауданда Көлік және жол инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары жалғасуда. Тұрғындардың өтініші бойынша №13 автобус маршруты Спасская көшесіндегі

77-үйге дейін және №215 автобус маршруты «Шуакты» шағынауданына дейін ұзартылды. Сондай-ақ, «Қайрат» шағынауданына кіріп-шығу арқылы №138 автобус маршрутының схемасы өзгерді. Жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Сүйінбай даңғылына 4 реттелетін жаяу жүргіншілер өткелі орнатылды. Тұрғындардың өтініші бойынша 70-ші разъездегі бағдаршам ауыстырылды. Аудан халқының қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін 9 көшеге, атап айтқанда Сейфуллин даңғылы, Ақан сері, Дөнентаев, Закарпатская, Лавренев, Майлин, Наманганская, Остроумов, Папанин көшелеріне

7 км тротуар салынды. Биылғы жылдың желтоқсан айында «Парасат» ТК жанындағы Рысқұлов даңғылы мен Ержанов көшесіндегі теміржол арқылы Шатский көшесіне 2 жерүсті өткелін жобалау аяқталады. Құрылысы 2023 жылғы мамырда басталады. Әкімнің тапсырмасымен Сүйінбай даңғылы мен Майлин көшесіндегі жаяу жүргіншілердің жерүсті өткелдеріндегі көтергіш құрылғыларды қалпына келтіру үшін бюджеттен қосымша қаражат бөлінді. Жұмыстар осы жылдың қараша айының соңында аяқталады.

БІЛІМГЕ ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ

Түрксіб ауданын білім беру нысанымен қамтамасыз ету жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Осы жылдың I қыркүйегіндегі аудандағы оқушы орындарының тапшылығы 2 мыңнан асты (2 119). Қазіргі оқу жылының басында Волочаевская көшесінде 420 орынды жеке мектеп ашылды. Аудандағы оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу үшін 1350 орынды 3 мектепті – №59, №195 және №198 кеңейту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. №59 мектеп-гимназиясының аумағында қазан айында 300 оқушыға арналған жаңа

● СҰРАҚ-ЖАУАП

Тұрғындар талабы назардан тыс қалмады

Алғашқы сұрақ қойған Түрксіб ауданының тұрғыны жол қауіпсіздігі мәселесін қозғады.

– Полесская мен Сүйінбай көшелерінің қиылысында «басты жол» және «жол бер» деген екі жол белгілерін орнату қажет. Өйткені, айтылған мекенжайда бұл белгілердің болмауынан көлік қақтығыстары жиі болады. Сондай-ақ, дәл сол мекенжайда балалардың ойын алаңы бар. Олардың доптары жолға түсіп кетпес үшін алаңды төрмен қоршау керек. Екінші сұрағым Алматы-1 вокзалына қатысты. Вокзалда авариялық жағдайлар жиі орын алады, себебі такси жүргізушілері вокзал аймағы алдында көрінген жерге көліктерін қояды. Сондықтан онда «Сергек» камераларын орнатуды сұраймыз.

Қойылған бірінші сұраққа Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Ғани Мырзаханов жауап берді.

– Қала басшысының тапсырмасы бойынша Бақытжан Ақжаровпен бірге аудан аймағын аралап, авариялық жағдайлар жиі орын алатын мекенжайларды анықтадық. Оның ішінде қала тұрғыны айтқан мекенжай да бар. Бұл жерде шынымен де қиын жағдай. Әкімшілік полиция басқармасы мен біздің мамандар осы

аптада тағы да тексеріс жүргізіп, жақын арада түпкілікті шешім қабылдаймыз, – деді Ғани Әуезханұлы.

Сондай-ақ, шаһар басшысы аудан әкімі Бақытжан Ақжаровқа балалар алаңына тор орнату керектігін айтты. Екінші сұрақ бойынша Е.Досаев вокзал алдындағы жағдайды білетінін айтып, бұл мәселені толықтай шешуді Қалалық мобильділік басқармасы мен Полиция департаментіне тапсырды.

Келесі сұрақ қойған Түрксіб ауданының тұрғыны кейбір аймақтарда аялдама тұрақтарын орнатуды өтінді.

– «Жас қанат» ықшамауданына кірер кезде Хмельницкий, Шемякин, Майлин көшелері бар. Бұл көшелердің бойында аялдама бар да, бірақ салынған тұрақ жоқ. Алда жауын-шашын келе жатыр. Сондықтан аялдама тұрақтарын орнатуды өтінеміз. Сонымен қатар, баяндама кезінде «Жас қанат» ықшамауданына дене шынықтыру-сауықтыру көшені салынып жатқанын айттыңыз. Сол жерде қандай спорттық секциялар болатыны жөнінде ақпаратты қайдан алуға болады? – деді тұрғын.

Қала әкімі айтылған көшелерде аялдама тұрақтарын салу биылғы жоспарда бар екенін хабарлады.

– Биылғы жоспар бойынша Түрксіб ауданында 19 аялдама

тұрағын салу жоспарланған, оның 11-ін бүгінгі күні орнатып қойдық. Қалған жетеуінің ішінде сіз айтқан көшелер бар. Оларды жақын арада салып береміз. Ал екінші сұрағыңыз бойынша, «Жас қанат» ықшамауданындағы дене шынықтыру-сауықтыру көшені осы жылы желтоқсан айына дейін ашып береміз. Мұнда барлығы 15 секция болады. Қазан айында алдын ала кесте шығады. Ал ғимарат әкімшілік тарапынан қабылданып алған соң, әр секцияның толық кестесі жасалады, – деді қала әкімі.

Қала тұрғындарын мазаалаған жайттар қатарында жарықтандыру мәселесі де болды.

– Құрметті әкім, сізден Сүйінбай көшесі, 271 мекенжайында, жаңа жолайрығының төменгі жағында жарық орнату мәселесін шешуді өтінеміз. Көшеде жарықтандыру жоқ – кешке қарай далада тас қараңғы болады. Қараңғыда мектептен қайтатын балаларымызды уайымдаймыз. Бұл мәселені шешуге көмектессіз.

Алматы қаласының басшысы жыл соңына дейін 511 көше жарықтандырылатынын айтты.

– 12 қыркүйекте қала мәслихаты әкімшілік ұсынысын қолдап, біз 511 көшені жарықтандыруға қажетті құжаттарға қол қойдық. Сіз айтқан учаске тізімге енгізілген, алдағы уақыт-

та Сүйінбай көшесінде толықтай жарықтандыру мәселесі шешіледі, – деді Е.Досаев.

Кезекті сұрақтардың бірі аудан аймағындағы қауіпсіздік мәселесіне байланысты қойылды.

– Жансүгіров және Серпуховская көшелерінің қиылысында, нақты айтсам, Жансүгіров, 499 мекенжайында бұрынғы «Чинара» кафесінің ғимараты тұр. Қараусыз қалған ғимарат бүгінде маскүнемдер мен нашақорлардың баспанасына айналды. Оған жақын жерде №101 мектеп болғандықтан, бұл ғимараттың жанында оқушылар жиі жүреді. Біз балаларымыз дұрыс емес жолға түсіп кете ме деп қорқамыз, сондықтан тиісті шара қолдануыңызды өтінеміз, – деді аудан тұрғыны.

Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров бұл мәселемен таныс екенін және тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

– «Чинара» кафесі бұрын жанып кеткен. Ғимарат иесінің оны қалпына келтіруге қаражаты болмағандықтан, бұл жер біраз уақыт қараусыз қалған. Біз кафені қоршауға көмектестік, сонымен қатар Полиция департаментіне бұл мекенжай бойынша бақылауды күшейтуді өтіндік. Соңғы ақпарат бойынша қожайын кафені қалпына келтіруді жоспарлап отыр, – деп жауап берді аудан әкімі.

– Үй иесі ғимаратты қашан қалпына келтіретінін қарап көрейік, бірақ ешқандай өзгеріс болмаса, алдағы жылы мен шешім қабылдаймын, – деді шаһар басшысы.

Түрксіб ауданының тағы бір тұрғыны оқушыларды мектепке апаратын жол жаман жағдайда екенін айтты.

– №85 мектепке апаратын Урицкий көшесі бойындағы жол өте қорқынышты жағдайда. Мұнда су құбырын орнату үшін жұмыстар басталған, бірақ қазір жұмыстар тоқтап тұр. Көше қазылған күйі қалды, әрі-бері өту мүмкін емес. Балалар мектепке жолсыз жермен барып, күнде киімдері бүлінеді. Көшені ретке келтіруді, кем дегенде балаларға арналған тротуар жасауды сұраймыз, – деп өтінді тұрғын.

Қойылған сұраққа Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Санжар Алин жауап берді:

– Біз айтылған мекенжайда шынымен де су құбырларын орнаттық. Бірақ асфальт төсеу жұмыстарын жеке өзім тоқтаттым. Себебі, жақында жаңбыр маусымы басталады, сосын жердің топырағы отырады. Егер ол жерді біз бүгін асфальттасақ, ертең жол сапасы болады, – деді ол.

– Аудан әкіміне тапсырма беремін, №85 мектепке дейін балаларға арналған уақытша тротуар жасаңыздар. Балалар кем



ШЕШІМІН ТАБАДЫ

тұрғындарымен кездесті



ғимарат пен қосымша құрылыс салынады. Ал ескі ғимараттың бір бөлігі бұзылады. №195 және №198 мектептер бойынша 1050 орынды қосалқы нысандар құрылысының ЖСҚ әзірленуде. ЖСҚ 2023 жылғы шілдеде аяқталмақ. Сондай-ақ, жыл соңына дейін «Қайрат» шағынауданында 1500 орынды мектепті пайдалануға беру жоспарлануда.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы орын тапшылығын қысқарту мақсатында 730 орынды 3 мемлекеттік балабақша салу жоспарлануда. «Қайрат» шағынауданында 260 орынды балабақша құрылысын 2023 жылы аяқтау жоспарланған. Құрылыс жұмыстары 2023 жылы аяқталады. Құрылысты аяқтау жобасы түзетілгеннен кейін 2023 жылы «Жас қанат» шағынауданындағы 280 орынды балабақшаның құрылысы қайта басталады. Сондай-ақ,

жыл соңына дейін Огарев көшесінде 190 орынды балабақша салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленетін болады. Бұдан басқа, №70 арнайы бөбекжай-балабақшаның ғимаратын сейсмикалық күшейту жалғасуда.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ НЫСАНДАРЫ САЛЫНУДА

Медициналық қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуін Түркісіб ауданында 1 емхана мен 3 отбасылық-дәрігерлік амбулатория (ОДА) салу жоспарланған. 4-тоқсанда «Нұршашқан» шағынауданында 100 келушіге, Айбасов көшесі бойына 200 келушіге арналған (ОДА) отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталады. Жыл соңына дейін «Қайрат»

шағынауданында емхана салуға (340 келушіге арналған) ЖСҚ әзірленеді. Құрылыс-монтаж жұмыстарын 2023 жылы бастау жоспарланып отыр. «Әлмерек» шағынауданында 200 келушіге арналған амбулатория салу үшін жер учаскесін са-тып алу рәсімдері жүргізілуде, 2023 жылы ЖСҚ әзірленетін болады.

Ауданда жыл соңына дейін «Жас қанат» шағынауданында бассейні бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің (ДСК) құрылысы аяқталады. Сондай-ақ, желтоқсан айында Майлин көшесі бойына салына-тын ДСК және Огарев көшесі бойындағы даму және шығармашылық орталығының ЖСҚ әзірлеу аяқталады.

Шаһар басшысы тұрғындармен бірінші кездесуден бері жасалған жұмыстар мен алдағы жоспарларды атап өткен соң, сұрақ-жауап сессиясын өткізді.

дегенде күз бен қыста дұрыс жолмен жүруі қажет. Ал көшені бәрі орныққан соң асфальттаймыз. Әйтпесе, әдеттегідей келесі көктемде бұл жерде тағы жөндеу жүргіземіз. Білесіздер ғой, біз қазып, көмуді жақсы көреміз, – деді қала әкімі.

Сұрақ-жауап сессиясы кезінде ескі үйлерді бұзу мәселесі де қозғалды.

– Біз Молдағалиев–Сауранбаев көшелері қиылысындағы төрт үйдің тұрғынымыз, ескі үйлерді бұзу мәселесі бойынша сізге келіп тұрмыз. Ескі үйлердің иелері жана пәтерлерге кіре алмай жүр, әлі күнге дейін әкімдік берген үйлерде ешқандай жағдай жасалмаған. Бұл мәселемен үш жылдан бері күресіп келеміз. Әкімдікке де, әртүрлі қалалық басқармаларға да жүгіндік. Бірақ ешқандай нәтиже жоқ, – деп шағымданды Түркісіб ауданының тұрғыны.

– Бұл мәселемен таныспыз. Үйлер салынып қойған. Қалған жұмыстары қазіргі уақытта жүріп жатыр. Жыл соңына дейін су бұруды, ал келесі жылы ыстық суды және газды қоса-мыз, – деп хабарлады Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Санжар Алин.

– Біз негізгі коммуникацияларды жақын уақытта қосып, ал қалғанын пысықтаймыз. Сіз дұрыс байқағаныңыздай, жөндеу жұмыстары үш жылға созылды, бірақ мен Энергетика басқармасына және ӘКК-ге бәрін уақытында аяқтау үшін тапсырма беремін. Мен бұл үйлерден бас тартпаймын. Арман Шамшин – әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияның жаңа басшысы тапсырыс беруші болып табылады. Ол сізбен кездесуге және жұмыс жоспарлары туралы жауап беруге дайын, – деп жауап берді қала басшысы.



Түйін:

Алматы қаласының солтүстік бөлігінде орналасқан Түркісіб ауданы – шаһарымыздың халық тығыз орналасқан ең көне әкімшілік бөлігі. Соңғы жылдары ауданды көркейту, инфрақұрылымын ретке келтіру мақсатында ауқымды шаруалар атқарылып жатыр. Аудандағы ауыз толтырып айтатын жетістіктерді тұрғындардың өздері де тілге тиек етіп, қала және аудан әкімдеріне алғыстарын айтты. Мегаполис басшысы Түркісіб ауданы тұрғындарының тілектері мен ұсыныстарын мұқият тыңдап, қордаланған мәселелерді шешуге аудан әкімі Бақытжан Ақжаровқа және басқа да тиісті мекеме басшыларына тапсырма берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді – тоқсанына 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу жоспарланған.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Нұршашқан» және «Шуақты» ықшамаудандарында **11,6 ШАҚЫРЫМ** электр желісін жаңарту жоспарланған.



Түркісіб ауданында жалпы ұзындығы **10,3 ШАҚЫРЫМ** 18 көшеде орташа жөндеу аяқталды.



Оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу үшін **1350** орынды 3 мектепті – №59, №195 және №198 кеңейту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.



«Нұршашқан» шағынауданында 100 келушіге, Айбасов көшесі бойына **200 КЕЛУШІГЕ** арналған (ОДА) отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталады.



«Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында биыл 800 млн теңгеге **28 ЖОБА** орындалуда.

Балалар
жылы
2022

КИНОКЕҢІСТІК

Заман ілгерілеген сайын жаңа технологиялар қарқынды дамуда. Бұрынғыдай көк жәшікке үңіліп, сүйікті сериалдарымызды тамашалайтын кездер келмеске кеткендей. Мектеп қабырғасында жүргенде ата-анамызбен кешкі астың кезінде фильмдерді қалт жібермейтін едік. Бәріміз үнсіз, ерекше ықыласпен қарайтынбыз. Ашуымыз келгенде, «неге олай істеді, көз алдында тұрған дүниені көрмей ме?» дегендей, күйініп кететін кездер де болды. Кейде сыныптағы қыздармен киноның жайын, оқиғаның болашақта қалай өрбитінін таласа талқылайтын да едік.

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қазір қарап отырсам, көбінің киноға деген қызығушылығы жойыла бастаған. Әр адамның өзіндік талғамы бар. Бірі комедияны жақсы көрсе, енді бірі драманы ұнатады. Бұрынғыдай барлық отбасы мүшелері телміре қарайтын сериалдар жоқтың қасы. Бола қалған жағдайда ол ең үздік деп танылған туынды болып шығады. Расымен-ақ, көптің аузында жүретін туындылардың сапасы, актерлік құрамы, режиссері, локациясы – барлығы дерлік шебер ойластырылған, бір-бірімен үйлесім тапқан.

Кино дегенде, біздің есімізге қазақ киносының инжу-маржандары еске түседі. Мәселен, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» фильмін бала кезімізде кемінде 50 рет көрген шығармыз. Алайда, ол туындыға деген құштарлығымыз әлі де басыла қоймағанын байқаймыз. Керісінше, осы сенбіде болады деген жарнама-сын көріп, сол күнді асыға күтетін едік. Кейіннен кітабы қолымызға тигенде бір деммен оқып, көңіліміз жай табатын еді. Талантты режиссердің тағы бір туындысы «Алпамыс мектепке барады» фильмін тамашалап отырып, білімге құштарлығы артқан балаға қызыға да, қызғана да қарайтынбыз.

Есімде, ең алғаш мектеп қабырғасын аттаған кезімде ата-анам осы фильмді көрсетіп, «сен де осы баладай талапты, ізетті, білімді бол» деген еді. Алайда, менің бойымда Алпамыстай білімге деген құштарлық бола қоймады. Сонда кинодағы персонаждан ұялып, «неге мен де жақсы оқымаймын» деп қысылатынымын. Қазір қарап отырсам, фильм адамға тәрбие құралының рөлін атқарады, есті, пайдалы туындыларды тамашаласаңыз, сіздің ой-өрісіңізді арттырады. Шытырман оқиғалар мен келеңсіз жайттар сіздің көңіліңізге де, өміріңізге де зиянын тигізеді. Сол себептен, фильмді тамашаламас бұрын пайдалы тұстарына назар аударғаныңыз абзалырақ.

Бұдан бөлек, А.Қарсақбаевтың «Балалық шақтың кермек демі» атты туындысы талай қа-

зақтың жүрегін елжіреткені сөзсіз. Соғыстан кейінгі ауыр кезеңді суреттейтін фильмнің ойға түйер сәттері жетерлік. Жүректі ауыртатын кадрлар көп. Әсіресе, кішкентай баланың қыстығып жылайтын көрінісін түсіру оңайға соқпады деп естіген едік сұхбаттарында. Қарсақбаев – психолог режиссер. Кіп-кішкентай кейіпкерлеріне рөлін нанымды ойнату үшін олардың ерекшелігіне қарай түрлі ситуациялар ойлап табады екен. Кіп-кішкентай Болат Қалымбетовті жылату үшін: «Қандай жақын адамыңнан айырылды?» – депті. «Апамнан».



Сонда Абдолла Қарсақбаев «Апам-ай» деп ағыл-тегіл жылап, жоқтай бастапты. Оған шын сеніп қалған кішкентай актер режиссеріне жаны ашып, боздап қоя береді. Сол сәтті қалт жібермей түсіріп алған деседі.

Осы ретте заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» шығармасы желісімен түсірілген «Көксерек» көркем фильмі талай жүректі елжіретті. Мектепке әлі бара қоймаған шағымызда осы фильмді көріп отырып, көңіліміз тебіренетін еді. Фильм драмалық оқиғаларға толы болды. Фильмге режиссерлік еткен Төлеміш Өкеев өз ісінің хас шебері болатын. Ата-анасынан ерте айырылған Құрмаштың мейірбандығы мен ержүректігі бала көңілдің тазалығын білдіретін. Фильмге хайуанаттар бағынан жас қасқырлар алынған. Көксерек болып екі қасқыр ойнаған, екеуін де фильм-

ге түсіру үшін Мәскеу қаласынан арнайы әкелген. Фильм Кыргыз тауларының баурайында, Ыстықкөл жағалауында түсірілген деседі.

1970 жылдар кезеңінде, жалпы кеңес кезеңі кинематографиясының алдына қойған негізгі мақсаттағы бағыттарының бірі – ұрпақ тәрбиесін экрандық туындылар арқылы жалғастырудың мүмкіндіктерін мейлінше толық меңгеру. Балалар тақырыбындағы киношығармалардың эстетикалық тәрбие тұрғысынан аса жоғары дәрежеде болу қажеттілігі кино саласындағы суреткерлерді жаңа ізденістерге, жаңа мүмкіндіктерге жетеледі. Экрандық туындының бала тақырыбы тұрғысынан алғандағы мүмкіндіктері шетсіз-шексіз. Киношығармаға арқау болар тақырыптар – өмірдің бала кейіпкерге қатысты тақырыптары әр қыры-



ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ,

Балалар киносы мемлекеттік

нан алғанда жалғаса береді. Сондай мүмкіндіктердің бірі – табиғат пен бала кейіпкерінің бір-біріне байланысы. Қанымбек Қасымбеков режиссерлік еткен «Шок пен Шер» көркемсуретті фильмі 1972 жылы экранға шықты және сол кездің өзінде тек көрерменнің ғана емес, кино мамандарының да аса жоғары бағасына ие болды. Алғашқы кадрлардан-ақ бала кейіпкерлер арқылы көрермен бірден табиғаттың әсем құшағына енеді.

Балалар ауылдың алма бағына ұрлыққа түседі. Кейіпкер мен оқиға өтер ортаның алғашқы сипаты ауыл сыртының әсем көрінісімен тағы бірқатар эпизодтар арқылы нақтылана түседі. Күні бойы кең даланың төрінде аунап-қунап, үйлеріне шаршап келетін балалардың ішінен бас кейіпкерлеріміз Шер мен Ғалымжан ерекшеленіп шығады. Бұл екеуі жас шамаларының айырмашылығына қарамастан өзара

ерекше дос. Бір-бірімен үнемі жакын жүреді. Шер қиялшыл, Ғалымжан – кітапқұмар. Екеуінің бастары қосыла қалса, әңгімелері – әлі дүниеге келмеген құлын. Буаз биенің торсиған қарнын сипап, Ғалымжан болашақ құлынның қандай болатынына сипат беріп үлгереді. Жазғы демалыстарында күні бойы ауыл арасындағы көше шаңын аспанға көтеріп жүрген басқа балалардан айырмашылығы – екі достың өмірінде болашақтан үміті бар. Сондай-ақ, Шок пен Шердің тау бөктерлері арасындағы асыр салған көріністері арқылы адам мен табиғаттың тұтастығы толық мазмұнымен ашыла түседі.

Осы ретте балалар кинематографиясына қысқаша шолу жасаған едік. 1963 жылдан бастап 1990 жылға дейінгі жиырма жеті жылда А.Қарсақбаев бастаған Қ.Қасымбеков, Ш.Бейсембаев, В.Пұсырманов, Б.Шманов, С.Райбаев секілді режиссерлер 18



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«Туған ел» көрмесі

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты: Көрме қазан айының 12-сіне дейін жалғасады.
Жас санаты: 3+.
Көрмеде: Поэтикалық «Тәңіртау иесі» туындысында әлемдегі сирек кездесетін тұз тағысы тау барысының секпілді ақшыл келбетімен алып бейнесі қар басқан биік таулар және Хан тәңірі шыңымен үйлесім тауып тұр.



«Сенің шыңың» иммерсивті аудио қойылымы

Өтетін орны: Медеу мұз кешенінің жанындағы субұрқак.
Күні мен уақыты: 25 қыркүйек, 19.00.
Продюсерлер: Анна Шелепова, Маргарита Боярова.
Ұзақтығы: 80 минут.
Бағдарлама: Маршрут кіру деңгейіндегі тау жолымен өтеді. Дайын болыңыз: жабық ыңғайлы аяқкиім киіңіз, үлкен сөмкелер алмаңыз, ауа райына назар аударыңыз, тауларда температура қалаға қарағанда төмен.
Жас шектеуі: 12+.



«SUNNY SHOW»

Өтетін орны: «Алматы циркі», Абай даңғылы 50.
Күні мен уақыты: 8 қазаннан 13 қарашаға дейін.
Бағдарлама: ТМД-ның үздік клоуны, батыл «Даршылар», рекордшы күш атлеті, Nomad Stunts каскадерлері, эквилибристер, епті аюлар, тентек маймыл! Керемет трюктар, таңғажайып өзгерулер және жағымды эмоциялар! Бізбен бірге цирктің сикырына қанық болыңыз!
Ұзақтығы: 105 минут.
Жас шектеуі: 6+.



ЭКРАНЫҢДЫ ТҮЗЕ

қолдауға зәру

фильм түсірген екен. Әрқайсысы кино саласында дараланып, әр қазақтың жүрегінен өзіндік орын алған. Қай-қайсысын алып қарасаңыз да, кемшіл тұстарын мүлдем байқамайсыз. Ал Тәуелсіздік алғаннан кейін балалар киносы қалай дамыды деген сұрақтың жауабын іздестірдік. Араға 4 жыл салып 1994 жылы Қанымбек Қасымбековтің «Саған күшік керек пе?» деген фильмі жарыққа шықты. Фильм кішкентай балалардың қайырымды, жүрегі жұмсақ болатындығы жайлы баян етіледі. Расымен-ақ, кішкентай кезімізде төрт аяқты жануарларды барлығымыз жақсы көретін едік. Енді киноның сюжетіне келсек, атасы мен немересінің іс-әрекеттері баян етіледі. Қаладан келген Азамат есімді немересі панасыз жануарларға бей-жай қарамай, олардың өз иелерін табуға көмек қолын созатындығы баян етіледі.

Он бес жыл өткеннен кейін балалар киносына Сәбит Құрманбековтің «Секер» фильмі талай жыл тыныштықта жатқан саланың тынысын ашады. 2009 жылдан бастап Д.Саламаттың «Бәйтерек», Т.Байтуkenov пен Т.Қасымжановтың «Супер Баха», Е.Нұрмұхамбетов пен Б.Елубайдың «Аңшы бала», А.Ибраевтың «Аңыздар кітабы. Құпия орман», Д.Манабаевтың «Лотерея», Ө.Сүлеева, А.Райбаевтың «Жеңіс семсері», Т.Теменовтің «Біздің қаланың ханзадасы», Б.Елубаевтың «Бала ғашық» секілді фильмдері жүлгесін үзбестен, үміт отын үрлегендей, бірінің ізін бірі ала отырып, көрерменге жол тартады.



Телефонға телмірген заманда баланың көңілінен шығарлық туындыларды табу қиынның қияпаты. Қазіргі таңда балалардың басым көпшілігіне Disney мен Голливудтың туындылары ұнайды. Себебі, ол жерде бояу қанық, кейіпкерлері ойдан шығарылған, бала психологиясына негізделген. Сондай-ақ, бала оны кез келген уақытында телефон арқылы кедергісіз тамашалай алады. Бәсекелестік артқан заманда фильмдердің сапасы күн санап артып келеді. Режиссерлар бұрындағыдай жазушылардың шығармашылығын негізге алмайды. Қиял-ғажайып, фантастика, қорқынышты фильмдерге басымдық беруде. Себебі, балаларды көбірек қызықтыратын, көңілінен шығатын да солар. Сол себептен, болашақта балалар кинематографиясы мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болса деген ниеттеміз. Себебі, баланы тәрбиелеуде экраннан көрсетілген туындылар олардың жан-дүниесіне ерекше әсер береді. Оны көріп өскен балдырғандардың ертеңгі күні қандай азамат болатыны бізді алаңдатады.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



«Самал сабын жасау» шеберлік сағаты

Орналасқан жері: Алматы қ., Қабанбай батыр к-сі, 140 А, pictor кескіндеме студиясы.
Күні мен уақыты: 26 қыркүйек, 14.00.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас шегі: 6+.



«Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы оқулары»

Өтетін орны: Шоқан Уәлиханов алаңы.
Күні мен уақыты: 24 қыркүйек.
Бағдарламада: Жаңа ғасыр» театрының әртістері, докторлар, филология ғылымының кандидаттары қатысуымен сахнада Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан әдеби қойылым өтеді.
Ұйымдастырушылар: Алматы қаласының әкімдігі.

Әзірлеген
Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Ахмет Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы революциялық өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстардың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Ол Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы пен Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады...

Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, түспалдап жеткізді. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтік сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болатын. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылтуға тырысты. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге дейін көтерді. Сондай-ақ, Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсынұлының тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

(Дереккөз: Уикипедия – ашық энциклопедиясы).

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойына орай, биыл жыл соңына дейін Ахмет Байтұрсынұлының 12 томдық еңбектер жинағын басып шығару және оны еліміздің кітапханаларына тарату жоспарланған. 2021 жылы ЮНЕСКО-ның Бас конференциясында қазақ педагогының мерейтойлық күнін осы ұйымның атаулы күндерінің халықаралық күнтізбесіне енгізу туралы шешім қабылданғаны белгілі.

Мерейтой аясында ұлы ағартушының өмірі мен қызметі туралы толықметражды көркем фильм түсірілімі жоспарланған.

Жыл басынан бері Ахмет Байтұрсынұлының есімі еліміз бойынша 1 ауылға, 200-ден астам көшеге және 39 мектепке, 1 әуежайға, 1 музейге берілген. Елордамыздағы Жазушылар аллеясында «Алаш қайраткерлері» ескерткіші ашылған. Мерейтойлық монета шығарылды.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

БАСШЫЛЫҒЫ ДҰРЫС БОЛСА, ӘЛЕУМЕТТІ ТҮЗЕЙДІ

- Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі;
- Газет қызметі – халыққа бас, көз, құлақ, тіл болып ұлтының ар-абыройын күзетіп, жұртын жақсылыққа бастау, жаманшылықтан сақтандыру;
- Көсем сөз әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан, жұрт ісіне мәні зор болады. Басшылығы дұрыс болса, әлеуметті түзейді. Теріс басшылық қылса, әлеуметті адастырады. Солай болған соң көсем сөз жазып, әлеуметке басшылық қылатын адам көпті көрген көсем, білімді адам боларға керек;
- Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек;
- Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады;
- Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жан-ның тартатын күйі;
- Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда;
- Асыл сөздің сипаттарын білуден адам ақын болмайды, бірақ ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады;
- Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті, әдемі болып шығатыны сияқты неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ;
- Ақынға дүниенің әдемілігі көрік пен махаббат екеуінде ғана. Өмірдің көрік пен махаббатқа дұрыс келетін істері сүйіндіреді, теріс келетін істері күйіндіреді;
- Ертегі – халықтың ескіден қалған жұрнақтарының қордасы;
- Батырлар турасындағы әңгіме: халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме: Батырлары қандай болса, халықтың рух жазы да сондай болған;
- Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, иә бояумен түсін өзгертіп, иә тұлғамен түгін өзгертіп бейбауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бейбауырмал бола алмайды.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.



ЖОЛДАУ-2022

Абзал ҚҰСПАН,
заңгер:

Қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық берілді. Президенттің Жолдауы басталғаннан осы мәселе турасында айтқан сөзін тағатсыздана күтіп отырдым. Естігенде толқып, қатты қуандым. Бірнеше маңызды мәселелер айтылды ғой. Бірақ бәрінен де маңыздысы – Қаңтар оқиғасына қатысты шешім болды.

Зандылықтың сақталуы – басты басымдық

Қаңтар айынан бастап комиссия құрылғалы құрамында заңгерлер мен адвокаттар жұмыс істеп келеді. Біз бір емес, бірнеше мәрте рақымшылық қолдануды мәселе етіп көтердік. Митингі деп шығып, артынан жаппай тәртіпсіздікке ұласқан алаңда жүрген жастармен, 600-ге жуық азаматпен тергеу изоляторы жағдайында жеке сөйлестік. Оларға бір ғана: «Сен өзін жеке азамат ретінде осы алаңға не үшін шықтың?» деген сұрақ қойылды. Сонда басым бөлігі «әділетсіздік» деп жауап берді. Яғни қымбатшылық та, басқа да емес. Өзі әділетсіздікке тап болмаса да, досы, туысы, танысынан қоғамдағы әділетсіздіктерді естиді. Сондықтан құқық, заңдылықтың сақталу мәселесі бірінші кезекте тұру керек. Қалғанының бәрі, тіпті экономикалық мәселе екінші кезекте тұруға тиіс. Бір-екі заттың қымбаттағанына халық алаңға шықпайды.

Жастары 25–35 жас аралығындағы 99,9 пайызы бұрын сотталмаған. Ешқандай қылмыстық құқық бұзушылық жасамаған, тергеу орындарында болмаған. Аякастынан 2022

жылдың 4 қаңтарында бәрі жаппай қылмыскерге айналып кете ме сонда? Мүмкін емес. Осыны дәлелдегіміз келіп жүргеніне біраз уақыт болды. Сондықтан рақымшылық жариялану керек. Тіпті, қолына қару ұстап тұрғандардың кейбірі ол қаруды не үшін ұстағанын өзі білмейді. Қаруды алғанымен, ату, сату мақсаты жоқ азаматтар болды. Міне, осы азаматтарға араша сұрап жүргенімізге біраз болды. Осыдан 1 ай бұрын Президенттің атына тек қана осы рақымшылық жариялау туралы ұсыныс жолдадық. Сонда мейлінше сараптама жасап шықтық. Президент Жолдауында рақымшылық беру туралы шешім қабылдағанына мен өте қатты қуаныштымын. Жыл басынан бастап қыркүйекке дейін 9 айға жуық тек қана осы шаруамен айналыстық. Басқа істерге мойын бұруға мұрша болып жатқан жоқ. Сондықтан бұл – үлкен жеңіс деп есептейміз және бұл үшін Президентке алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Тарихи сәт деуге болады. Жұмыстың нәтижесі. Біздің жұмысымызға назар аударып, естіп, осы шешімді қабылдады.

Алимжан ХАМРАЕВ,
ҚХА мүшесі:

Мемлекетіміз жаңа даму кезеңін бастады. Біз дана Абай қалаған рухани жолға бастап барамыз. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». Жаңа тәуелсіз ұранымыз жарияланып, жолымыз айқындалды.

Оң үрдістер бастауы

Алдымызда конституциялық реформа, жаңа, әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам күтіп тұр. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық үлкен өзгерістерге ұласады деп ойлаймын. Экономикаға байланысты ұсыныстар көп. Мен оларға тоқталмай-ақ қояйын.

Қазіргідей күрделі геосаяси жағдайда мемлекеттің ішкі саяси реформаларының орнықтылығы – өте маңызды мәселе. Президент Жолдауындағы жаңа саяси практика, жаңа саяси дәстүр – жариялылық принципіне үлкен көңіл бөлініп отыр. Саяси реформалар бағдарламасында сайлау жүйесін жетілдіру, сайлау үдерісін жаңғырту, партия жүйесін дамыту мүмкіндіктерін кеңейту секілді мәселелер өз шешімін табады. Биыл кезектен тыс Президент сайлауы өтеді. Осы саяси реформалардың қажеттігін бәріміз түсініп жатырмыз. Бұл мемлекетімізге, бәрімізге және тәуелсіздігіміз үшін қажет деп ойлаймын. Өзгерістерді жан-жақтан қолдауымыз керек. Өте күрделі тарихи кезең екенін бәріміз біліп тұрмыз.

«Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік! Мемлекетімізді қорғау – мен үшін аса маңызды міндет. Осы жолда жауапкершіліктің бәрін мойныма алуға дайынмын!», – деп түйіндеді Мемлекет басшысы. Ең бастысы – сол деп есептеймін.

Ұсыныстар көп. Соның ішінде Ұлттық қордан түскен табысты балаларға бөліп беру және зейнетке шығу жасын өсіруді тоқтату да өте маңызды. Денсаулық сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Жолдаудың басында жастарға қолдау білдіріп жатыр. Жастарға ерекше жол беруіміз керек. Қазіргі жастардың алға ұмтылысы жақсы. Жалпы, Жолдау – оң өзгерістердің бастауы.

Саясат БЕЙІСБАЙ,
Философия, саясаттану және дінтану
институтының бас сарапшысы:

Өзгерісті өзіңнен баста

Өзгерісті өзіңнен баста. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев осы қағиданы берік ұстанып отыр. Елге жетекшілік ететін басшының өз туыстарын билікке тартпауы, Президент сайлауына қайта-қайта түспеуі, бір мәрте ғана жеті жылға сайлануы, әділетті, адал қызмет атқаруы, жемқорлыққа бой алдырмауы – міне, осындай қағидаларды берік ұстанамын деп халыққа Жолдауын жариялауы көпшіліктің көкейіне қонады.

Жапон философиясында өзгерісті өзіңнен баста деген қағида бар. Ол біздің Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бойындағы бұрыннан қалыптасқан ізгі қасиет. Айтқандарын асықпай, аптықпай, біртіндеп жүзеге асырып, орындай бастағанын халық көріп отыр.

Мінеки, елімізде кезектен тыс Президент сайлауы өтетін күн де белгілі болды. Алда үлкен өзгерістер күтіп тұр. Президент сайлауынан кейін Парламент, жергілікті мәслихат сайлаулары да, Үкімет құрамын қайта жасақтау секілді ауқымды шаралар да күн тәртібінде тұр. Осының бәрі демократия жолымен, әділ сайлау арқылы жүзеге асырылатынын Мемлекет басшысы қадап айтты.

Президент Қ.Тоқаев елімізде мінсіз қоғам орнаса екен деп армандайды. Демек, мінсіз мемлекетті басқаратын адамның өзі алдымен сол орынға лайықты жан болғаны абзал. Ең алдымен, ол адам асқан әділетті болуы тиіс. Адамдар адалдықты, әділдікті арман етеді. Басшылардың қара қылды қажарған әділетті, турашыл болғанын қалайды. Осындай Мемлекет басшысына лайық азаматтың бойында бірнеше қасиет табылуы тиіс. Алдымен, есте сақтау қабілеті күшті, мейлінше зерек, зерделі, көп тілді меңгерген, бүкіл ойын шебер жеткізе білетін, жұртты бірден баурап алатын шешен болуы керек. Өзгелерді де тыңдай білетін, содан іске пайдалы жерін алып,

қорытынды шығаратын адам басшыға лайық.

Көп мәселені ақылды адамдар шешуі қажет. Неге Мемлекет басшысын халық болып сайлайды? Өйткені, сол халықтан ең ақылды, ең білімді, көзқарасы ерекше, табиғаты басқаша, талабы артылып тұрған адамды таңдап алғысы келеді. Солай болуы керек. Сонда ғана президенттер бірімен-бірі тіл табысады. Сонда ғана президенттер халықтың игілігін ойлайды. Мемлекет басшысы философ, саясаткер, әлеуметтанушы, әлем діндеріне де сергек қарайтын жан-жақты азамат болуы тиіс. Меніңше, Қасым-Жомарт Тоқаевтың бойынан осы қасиеттер табылады.

Ел ішінде ескі кадрлармен Жаңа Қазақстанды қалай құрамыз деген ойлар айтылып жүр. Орынды пікір. Сөйтсе де, ескінің бәрін бір сәтте сыпырып тастап, түгел жаңалайын деп отырған ешкім жоқ. Халық арасында тәжірибелі, ойлы, халыққа шын жанапшы, мемлекет мүддесін ойлайтын, адал қызмет ететін, әділетті жолмен билікке келе алатын азаматтар баршылық.

Осы жолы халық Президент сайлауында үлкен белсенділік таныта алады. Соған құлшынып отыр. Бұдан былай Президентті екі рет сайлауға жол берілмейді. Ол Конституцияда анық айтылған. Енді жаңа саяси партиялар белсеніп шыға бастайды. Бұл дегеніңіз, алдағы уақытта бір-бірімен бәсекелесе алатын саяси ұйымдар өз

Ақмира САДЫҚОВА,

№29 қалалық емхананың бас дәрігері, медицина магистрі:

Әлеуметтік
саланы дамыту –
өте маңызды

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты Жолдауында еліміздің даму бағдарының негізгі бағыттары нақты белгіленіп, жүргізілер реформалар айқындалған.

Соның ішінде, әсіресе, әлеуметтік саладағы бағыттарға басты назар аударылған.

Денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушысы, дәрігер ретінде мен үшін осы Жолдаудағы әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған реформалардың өте маңызды және оны қолдайтынымды айтқым келеді.

Атап айтқанда, медицина саласын барынша қажетті деңгейде қаржыландыру, білім беру сапасын жетілдіру, зейнетақы жүйесін жаңғырту, «Балалар жылы» аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыру, балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотының ашылуы сияқты халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге арналған.

Мәселен, дәрігерлік істе бүгінгі күні ең негізгі ресурс, ол – білікті маман. Жоғары технология даму барысында, жасалып жатқан операция, процедуралар да дамып жатыр. Осы орайда, қазіргі таңда арнайы мамандандырылған профильді дәрігерлерді даярлау сұрағы туындап отыр. Дәл

осы мәселені шешетін жол – резидентурада жалпы тәжірибелі дәрігерді тереңдетілген арнайы даярлау. Жолдауда 3 жылда резидентурада білім алу көлемін 70%-ға дейін көтеру. Қазіргі таңда Алматы әкімдігі басқа аймақтармен салыстырғанда ең көп білім грантына қаржыландыру бөліп отыр, тапсырыс көлемін Жолдау негізінде одан да жоғарылатса, қаламыздың профильді маман тапшылығын тезірек жоюға, салдарында, денсаулық сақтау ісінің сапалық дамуына әкелетінін түсінемін. Сонымен қатар, Президентіміз өз Жолдауында: «Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек» екендігі аталды, бұл еліміздің әрбір азаматының, әрқайсымыздың қоғам алдындағы жауапкершілігіміз, ұрпақ алдындағы міндетіміз, өз өміріміздегі басты дәстүріміз болуы керек деп ойлаймын.

Сондықтан қымбатты қазақстандықтар, барлығымыз өз жеке басымыз, жанұямыз, ұжымымызда осы принциптерді ұстануға шақырамын!





ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ



Жағдай ерекше бақылауда

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК ШЖК) Шекара қызметі Қазақстан–Ресей шекарасындағы жағдайды ерекше бақылауға алғанын мәлімдеді.

«Бүгінгі таңда Қазақстан–Ресей шекарасында Қазақстан Республикасына кіріп жатқан шетел азаматтарының саны артқан. Қолданыстағы 30 автокөлік бақылау бекеті штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Жолаушылар мен көліктер ағынының артуына байланысты, оның төртеуінде кептеліс байқалауда. Жағдай ерекше бақылауда. Шекара қызметі мемлекеттік құзыретті органдармен бірлесіп, шекара арқылы өту орындарында қауіпсіздік пен құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуде. Ресей шекара ведомствосымен өзара бірлескен іс-қимыл ұйымдастырылды», делінген хабарламада.

ҚР СІМ баспасөз қызметі РФ азаматтарының ҚР-ға кіру және болу тәртібі туралы мәселесіне былай түсініктеме беріп отыр.

«Ресей Федерациясының біздің елге келетін азаматтары санының өсуіне байланысты кейбір қазақстандықтардың алаңдаушылығына орай мына мәселелерді түсіндіру қажет деп санаймыз.

Шетел азаматтарының ҚР-ға кіру және болу тәртібі бар, оларды бақылауды ҚР ҰҚК Шекара қызметі және тиісінше ҚР ІІМ жүзеге асырады.

Қазіргі таңда барлық мемлекеттік органдар штаттық режимде жұмыс істеуде және жағдайды тұрақты бақылауды қамтамасыз етуде. Бұл ретте кез келген елдің шетелдік азаматтарының ҚР аумағында мерзімсіз болуға құқығы жоқ, олар еліміздің көші-қон заңнамасының талаптарын сақтауы қажет.

Біз құқықтық мемлекетте өмір сүріп жатқанымызды және біздің іс-әрекеттеріміз осы қағидаттардан туындауы тиіс екенін атап өтеміз. Сондықтан қолданыстағы шарттар сақталуы тиіс және ықтимал құқық бұзушылықтарды әкімшілік тәртіппен тоқтату керек.

Мемлекетте ұлттық мүдделерді қорғаудың тетіктері жеткілікті, бұл орайда, ұлттық мүдде бәрінен де жоғары.

Айналымда болып жатқан кез келген күрделі геосаяси жағдайда біз ұлттық қауіпсіздіктің басымдығына сүйенетін боламыз. Әлемде орын алған құбылмалы ахуал біздің мемлекетіміздің тұрақтылығы үшін сынақ болып отыр.

Сонымен бірге, халқымызға тән адамгершілік қасиеттер белгілі бір моральдық ережелерді сақтауды талап етеді. Азаматтарымыз өзіндік даналығын көрсетіп, қонақжайлылық дәстүріне берік болады деп сенеміз.

Қазақстан – егеменді және тәуелсіз мемлекет, қуатты әрі ұйымшыл ел.

Мемлекет басшысы кез келген жағдайда халық бірлігінің маңызды екенін үнемі айтуда.

Қазіргі қиын кезеңде кез келген өткір мәлімдеме немесе әрекет жағымсыз әсер туғыруы мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

Бүгінгі таңда Қазақстанның инфрақұрылымы көші-қонның қазіргі жағдайынан салыстырмалы түрде ауыртпалықсыз өтуге мүмкіндік береді. Қызмет көрсету және сервис объектілері де өз қуаттары аясында жұмыс істейді.

Біз ағымдағы ахуалға мұқият мониторинг жүргізіп отырымыз және елеулі бір қатерлер туындаған кезде халықаралық құқық пен ұлттық заңнаманы ескере отырып, тиісті шаралар қабылданатын болады. Біз мемлекеттік органдардың ресми және объективті ақпаратына сену маңызды деп санаймыз, бұл қажетсіз алаңдаушылықтың алдын алуға көмектеседі», делінген хабарламада.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЕЛ ЕҢСЕСІН БИІКТЕТЕМІЗ

Алматы жастары өте белсенді. Жалындаған жастар саясатта да жүр, Президенттік кадр резервіне де үміткер болып, қайырымдылық пен волонтерлік қызметті дамытуды ақпараттық сүйемелдеп қана қоймай, нық ісімен дәлелдеп жүрген жас жалындар да көп. Елімізде нағыз патриоттар саны жыл санап артып барады

Мегаполисте адал еңбек етіп жүрген қара-көздеріміз көп. Біздің шаһар жастардың ордасы. Мұнда мәдениет пен қоғамдық өмірге белсенді араласып, өзінің теңізге



тамған тамшыдай үлесін қосып жүргендер баршылық. Олар ел дамуының қозғаушы күші екені анық. Сондай жанның бірегейі Алматы қалалық «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Әкежан КЕЧЕСОВПЕН сұхбаттасқан едік.

ЖОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ АЙРЫҚША

– Жуырда Қазақстан мемлекетінің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Жолдауын жолдады. Осыған орай кеңірек тоқталсаңыз?

– Әр Жолдаудың өзіндік ерекшелігі болады. Оның халыққа берер пайдасы орасан зор. Олай болатыны, алдағы атқарылар істерге бағыт береді. Соның нәтижесінде біршама істер алға ілгерілері анық. Биылғы Жолдау өзгелерінен басқаша кейіпте өрбіді. Саяси жаңғырулар орын алып, экономикалық қарқын үдей түсетін болды. Бұл жолда бір ғана адам немесе тек атқамінерлер ғана емес, барша қоғам жұдырықтай жұмылып, тонның ішкі бауындай қызмет істегені абзал. Әйтпесе, құр сөзден іс өнбейді. Бізге эволюциялық жолмен дамып, біртіндеп өз мәселелерімізді шешіп алғанымыз ауадай қажет болып тұр. Жаһандағы геосаяси ахуал күрделенуде. Осындай шакта «бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай» тірлік ету қажет. Сонда елдің ішкі-сыртқы шаруасы онтайланады.

Жолдау – болашақ үшін. Оны бір сәтте, табан астында орындаймыз деп даурықпай, қайта кезең-кезеңімен жүзеге асырсак, нұр үстіне нұр болмақ. Әрбіріміз атсалысайық.

ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫ АРТАДЫ

– Қандай өзгерістер күтеміз?

– Өздеріңізге мәлім, 1 қыркүйекте Жолдау жолданғанда елді елең еткізді. Мұның өзіндік айрықша себептері бар. Яғни ел-жұрттың арасында бұрыннан айтылып жүрген әңгімелер енді шынайы іске асатын болды. Бұл дегеніміз – халық арасында айтылып жүрген мәселелерге негізделді деген сөз. Соның бірқатарын өзімізше талдап көрелік. Әуелгі көңілге жакқандығы ол – әйел кісілердің зейнет жасының 61 жасқа тоқтауы. Мұны баяғыдан көтеріп, айтып жүр, талай тартыс болған еді. Бұл да өз шешімін табатын көрінеді.

Сонымен қатар, балалар жөнінде бірқатар игі бастамаларды жеткізді. Дүниеге келуші әрбір сәби, ертеңгі ел қорғайтын азамат және отбасының түтіні түзу ұшуына ықпал жасайтын ардақты ана. Жас өрендеріміздің келешегі шуақты болуы қазірден ойластырылады екен. Бұдан былай «Ұлттық қордың» 50 %-ын 18 жасқа дейінгі балалардың есепшотына аударатын көрінеді. Енді ойлап қараңызшы, осыдан артық жаңалық бар ма?! Әрине, бұл тек жарқын келешектің бір ғана ісі болып саналады.

Сондай-ақ, жас кәсіпкерлерге қолдау болатындығы сөз болды. Тек қана алпауыт бизнес өкілдерін қолдап қана қоймай, орта және шағын кәсіпті өркендетуді қолға алмақ. Расында да біраздан бері кәсібін жәй-жәй дөңгелетіп келе жатқан жандардың кейбірі тұралап қалған еді. Осыдан кейін олардың да бойына қан жүгірмек. Қазіргідей жаһандану заманында үлкен қалалар мен елдімекендерде кәсіпті



дамытпай, ілгерілеу – мұң. Сондықтан кәсіп бастап, экономикамызға үлес қосып жүргендерді қадірлеп, қолдағанымыз абзал. Бұл тарапта да табыстың еселенуі көрініп келеді.

Бір сөзбен айтқанда, ел арасында қандай мәселе қызу, нендей нәрселер айтылып жүрді, міне, сол жағына басымдық берілді. Осындай түйткілдің шешілу жолдарына айрықша бағыт-бағдар берілді деп санаймыз.

ЖАСТАР РУХТЫ БОЛСЫН

– «Жас келсе – іске» деген сөзді қалай түсінесіз?

– Жастар саясатына қатысты тұстарында жақсы әрі жағымды дүниелер көтерілді. Осының алдында «Жастар рухының» съезі өтті. Алқалы жиында Мемлекет басшысы үш басты қасиетті атады.

Олар:

- **Еңбекқорлық;**
- **Терең білім;**
- **Отаншылдық.**

Осы аталған қасиеттер жастардың бойынан табылуы керектігін айтқан болатын. Осындай игі нәрселерді бізге – жастарға қарата бағыттады. Бұл – жастарға рух беретін алып күш һәм рухани демеу деп білеміз. Бұл еліміздің көп бөлігін құрайтын жастардың әр істе белсенді болып, өзінің жәрдемін шама-шарқы келгенше жасай алатындығын көрсетеді. Осы аталған үш қасиеттің ішіндегі ерекшесі ол – отаншылдық. Оның да дәлелі бар. Кешегі Қостанай өңіріндегі табиғи апатта көрініс тапты. Қазақ халқы, соның ішінде жалынды жастар бірігіп, «күшіміз – бірлікте» деп ұрандап, бірігіп кетті. Осылайша Алматының еріктілері гуманитарлық көмек ұйымдастырды. Өркім қолынан келген көмегін аянып қалмады. Дәлірек айтқанда, қан, май, шай, гигиеналық заттар – бәрін алып келді. Оны біз Қостанайға үлкен жүк көліктеріне тиеп жібердік.

Тағы да осы жолғы Жолдаудан мысал келтірейін. Енді резидентура саласында білім гранттары артады екен. Елдегі медицинаны ілгерілетудің тың жолы деп ұғамыз. Өйткені, дәрігердің біліктілігін арттырып, сауатын жетілдіру барша істен жоғары тұрады. Бұрын резидент болуға грант аз еді. Көбісі түсе алмайтын. Ал елде оқуға ілінбегендер сөзсіз шетел асатын. Ал салдары маман жетіспеушілігіне алып келетін. Қарап бағамдасанды, алдағы уақытта мәселенің түйіні тарқайтындай түрі бар. Пандемия медицинаны дамыту қажеттігін көрсетті. Сондай тұтқиылдан шыға қалған кедергіге қарсы тұратын білгірлер санын арттыру басты назарда тұрғандығын көріп-біліп отырмыз. Әр мәселе біртіндеп шешімін табатыны айқын.

ЖАСТАР БЕЛСЕНДІЛІГІ ҚУАНТАДЫ

– Жастар арасында көп жүресіз. Белсенділері көп пе?

– Жиі қойылатын сұрақ. Біздің орталыққа әртүрлі жандар бас сұғады. Әрбірінің өзіндік пікірі бар. Кейбірі тың идея ұсынады. Ендігісі қысылтаяң шакта қолұшын беруге әзір. Десе де, аса бір жарнамалап, атағын шығаруды көздемейтіндіктері қуантады. Дәп сондай қазағымыздың азаматтары өсіп келе жатқандығын көріп бір марқаямыз.

Жалпы қандай шаруа болсын, өз белсенділігін танытып, қатарымызға қосылғысы келетіндері де бар. Оларды әрқашан қолдап, қуаттауға әзірміз. Біздің негізгі мақсатымыз да сол. Жастардың бойында патриоттық рух басым. Нақтырақ айтқанда, қайырымдылық жасау мәдениеті қалыптасуда. Тосыннан келген оқиғаның алдын алып, салдарын жоюға дайын жүргендер саны өте көп дер едім. Жастар әр уақытта елдің ертеңі ғана емес, жанашыры болып табылады.

Біздің ойымызша, орталығымызға келетіндердің мәселесін көтере білу керек. Мәселені дер кезінде ушықтырмай, шешуге үлес қоса аламыз. Сонымен бірге, онлайн байланыс та орнатып жүрміз. Әлеуметтік желіден де қарым-қатынас орнатамыз. Олардың сеніміне не болу үшін жастармен жастарша сөйлесе білу керек.

– **Дәстүрлі сауал. Болашақ кімнің қолында?**

– Әрине, болашақ білімді әрі рухты жастың қолында. Өзін айдай әлемге танытып, елі мен жерінің шынайы азаматы болса, одан артық бақыт жоқ болар. Жастың да жасы бар. Ең бастысы, бойына сіңірген құндылығын елдің келешегіне жұмсай алса, нағыз ерлік сол болмақ. Қазақ елінің абыройы үстем болсын!

– **Үлкен рахмет!**

Сұхбаттасқан Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-
шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru
Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
7 (707) 932-39-18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Швеченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VРУ00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**

№577 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, Сығай көшесі, 111-үй, «Алматы математика-лингвистикалық «Самай» мектебі» мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Премьера тұрғын үй кешені №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 29 үйлері.

№578 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Ақжар» шағынауданы, Дәулеткерей көшесі, 100 А үй, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№27 калалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Таузолы шағынауданының Досмұхамедов көшесінен «Тастыбұлақ» шағынауданының Жандосов көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта «Тастыбұлақ» шағынауданының Таутаған көшесіне дейін. «Тастыбұлақ» шағынауданының Таутаған көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта қала шекарасына дейін. Қаланың шекарасымен, одан әрі Таузолы шағынауданының Досмұхамедов көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта «Тастыбұлақ» шағынауданының Жандосов көшесіне дейін.

№579 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, ««Шұғыла»» шағынауданы, 340/1 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№184 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Сапожниково өзенінің арнасынан (Ақсай-Қарғалы каналы) «Қалқаман-2» шағынауданының Алатау көшесінің оңтүстік жағымен батыс бағытта Алатау даңғылына дейін. Алатау даңғылының шығыс жағымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін «Шұғыла» шағынауданының №341/1 корпус 1, 341/1 корпус 2, 341/1 корпус 3, 341/1 корпус 4, 341/1 корпус 5, 341/1 корпус 6, 341/1 корпус 7, 341/1 корпус 8, 341/2 корпус 1, 341/2 корпус 2, 341/2 корпус 3, 341/2 корпус 4, 341/2 корпус 5, 341/2 корпус 6, 341/2 корпус 7, 341/2 корпус 8, 341/3 корпус 5, 341/3 корпус 6, 341/3 корпус 7, 341/4 корпус 1, 341/4 корпус 2, 341/5 корпус 1, 341/5 корпус 2, 341/5 корпус 3, 341/5 корпус 4, 341/5 корпус 5, 341/5 корпус 6, 341/5 корпус 7 тұрғын үйлерін қоспағанда. Абай даңғылының солтүстік жағымен шығыс бағытта Сапожниково өзенінің арнасына дейін (Ақсай-Қарғалы каналы). Сапожниково өзенінің батыс арнасымен

(Ақсай-Қарғалы каналы) солтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Алатау көшесіне дейін.

№580 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, 340 Б үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№174 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Абай» шағынауданының Наурыз бау-бақша серіктестігінен Карьерная көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Центральная көшесіне дейін. Центральная көшесінен шығыс бағытта Қайнар бау-бақша серіктестігіне дейін. Қайнар бау-бақша серіктестігінен солтүстік бағытта Алатау даңғылына дейін. Алатау даңғылының батыс жағымен оңтүстік бағытта «Абай» шағынауданының Стронтельная көшесіне дейін. Стронтельная көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта «Абай» шағынауданының Грушевая көшесіне дейін. «Абай» шағынауданының Грушевая көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта «Абай» шағынауданының Центральная көшесіне дейін. «Абай» шағынауданының Центральная көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Интернациональная көшесіне дейін. Интернациональная көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Абай» шағынауданының Карьерная көшесіне дейін.

№581 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таусамалы» шағынауданы, Жандосов көшесі, 1-үй, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Ле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Таусамалы» шағынауданының Сағдиев көшесінен «Таусамалы» шағынауданының Жандосов көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта «Таусамалы» шағынауданының Гроза көшесіне дейін. «Таусамалы» шағынауданының Гроза көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Таусамалы» шағынауданының Найманбай батыр көшесіне дейін. «Таусамалы» шағынауданының Найманбай батыр көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта «Құрамыс» шағынауданының Балбырауын көшесіне дейін. «Құрамыс» шағынауданының Балбырауын көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Құрамыс» шағынауданының Сейдімбек көшесіне дейін. «Құрамыс» шағынауданының Сейдімбек көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Қарағайлы шағынауданының Надиров көшесіне дейін. Қарағайлы шағынауданының Надиров кө-

шесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Қарағайлы шағынауданының Сейітбеков көшесіне дейін. Қарағайлы шағынауданының Сейітбеков көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Қарағайлы шағынауданының Қозыбасы көшесіне дейін. Қарағайлы шағынауданының Қозыбасы көшесінің батыс жағымен солтүстік бағытта «Таусамалы» шағынауданының Шолпан көшесіне дейін. «Таусамалы» шағынауданының Шолпан көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта «Таусамалы» шағынауданының Сағдиев көшесіне дейін. «Таусамалы» шағынауданының Сағдиев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта «Таусамалы» шағынауданының Жандосов көшесіне дейін.

№592 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, 345/3 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№200 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Шұғыла» тұрғын үй кешені, №341/1 корпус 1, 341/1 корпус 6, 341/1 корпус 7, 341/1 корпус 8, 341/2 корпус 1, 341/2 корпус 2, 341/2 корпус 3, 341/2 корпус 4, 341/2 корпус 5, 341/2 корпус 6, 341/2 корпус 7, 341/2 корпус 8, 341/3 корпус 5, 341/3 корпус 6, 341/3 корпус 7, 341/4 корпус 1, 341/4 корпус 2, 341/5 корпус 1, 341/5 корпус 2, 341/5 корпус 3, 341/5 корпус 4, 341/5 корпус 5, 341/5 корпус 6, 341/5 корпус 7 тұрғын үйлері.

№625 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, 340 Б үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№174 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Алатау даңғылынан шығыс бағытта «Шұғыла» шағынауданыдағы Дала көшесінің №108 үйіне дейін. «Шұғыла» шағынауданы Дала көшесінің №108 үйінен шығыс бағытта «Шұғыла» шағынауданының Жүнісов көшесіне дейін. «Шұғыла» шағынауданының Жүнісов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Шұғыла» шағынауданының Жақыбаев көшесіне дейін. «Шұғыла» шағынауданының Жақыбаев көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Алатау даңғылына дейін.

№626 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, 340 А үй, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№36 Қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жаңа учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының (одан әрі – сайлау туралы Конституциялық заңы) 10-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты жаңа учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру туралы хабарлайды.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскелердегі сайлаушылардың санына байланысты Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиялары айқындады.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Мәслихат белгілеген, сайлау комиссияларын құру мерзіміне дейін он бес күннен кем болмауға тиіс мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері құрылатын сайлау комиссияларына қатысты **2022 жылғы 26 қыркүйектен 10 қазанға** дейін мәслихатқа мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматта сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер;
- 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімінен үзінді көшірме;
- 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері;

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері Алматы қаласы мәслихатының сайтында (maslihat-almaty.kz) орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан Алматы қаласының әкімшілік-аумақтық бірлігінің аумағында тұруға тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сінділері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Алматы қаласының мәслихатына қағаз форматта немесе электрондық сканерленген нұсқада ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша құжаттарды қабылдау **2022 жылғы 10 қазан сағат 18.00-ге дейін** жүзеге асырылады.

Құжаттар дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215, 311-кабинет, тел.: 8 (727) 380-04-03, сондай-ақ құжаттардың сканерленген нұсқасын электрондық мекенжайға жіберуге болады orgotdel@maslihat-almaty.kz.

Алматы қаласы мәслихатының орналасқан жері: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215-үй.

Комиссиялардың құрамын қалыптастыру үшін жаңадан құрылған Алматы қаласының учаскелік сайлау комиссиялары:

Р/с №	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
Наурызбай ауданының учаскелік сайлау комиссиялары – 4			
1.	№625	«№174 мектеп-гимназия» КММ, «Шұғыла» ықшамауданы, 340 Б	7
2.	№626	«№36 Қалалық емхана» ШЖК МКК, «Шұғыла» ықшамауданы, 340 А	7
3.	№627	«№ 200 мектеп-гимназиясы» КММ «Шұғыла» ықшамауданы 345/3	7
4.	№628	«№206 мектеп-гимназиясы» КММ «Қалқаман» ықшамауданы, Талжанов к-сі, 1Б	7
Түркісіб ауданының учаскелік сайлау комиссиясы – 3			
1.	№605	«№198 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «Жас қанат» ықшамауданы, 129-үй	7
2.	№606	«№187 бөбекжай-балабақшасы» КМҚМ, «Жас қанат» ықшамауданы, 129 А үй	7
3.	№607	«№198 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «Жас қанат» ықшамауданы, 129-үй	7

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 «Алматы қаласы Түркісіб ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №1 шешімі.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 қыркүйекте №29735 болып тіркелген.

ШЕШІМ:

1. Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 «Алматы қаласы Түркісіб ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1539 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - көрсетілген шешімнің қосымшасындағы №422, 425, 426, 447, 464, 552 сайлау учаскелері орталықтарының атаулары осы шешімнің №1 қосымшасына сәйкес өзгертілсін;
 - көрсетілген шешімнің қосымшасындағы №522, 551, 552, 595 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімнің №2 қосымшасына сәйкес өзгертілсін;
 - көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің №3 қосымшасына сәйкес жаңадан ашылған №605, 606, 607 сайлау учаскелерімен толықтырылсын.
2. «Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
 - 1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы шешімді оның ресми жариялағаннан кейін Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Түркісіб ауданының әкімі БАҚЖАРОВ

*«КЕЛІСІЛДІ»
Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы*

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №1 шешіміне №1 қосымша

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 шешіміне №1 қосымша

№422 сайлау учаскесі (Орталығы: «Жалпы білім беретін №170 мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Магнитная көшесі, 31);

№425 сайлау учаскесі (Орталығы: «№44 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Огарева көшесі, 6);

№426 сайлау учаскесі (Орталығы: «Азаматтық авиация академиясы» АҚ, Ахметов көшесі, 44);

№447 сайлау учаскесі (Орталығы: Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№24 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Земнухов көшесі, 3);

№464 сайлау учаскесі (Орталығы: Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№19 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Папанин көшесі, 218);

№552 сайлау учаскесі (Орталығы: «№147 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, «Жас қанат» шағынауданы, Баймағамбетов көшесі, 215);

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №1 шешіміне №2 қосымша

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 шешіміне №1 қосымша

№522 сайлау учаскесі

Орталығы: шаруашылық жүргізу құқығындағы «№28 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Жас қанат» шағынауданы, 54/2 үй.

Шекарасы: «Қайрат» шағынауданы Рысқұлов даңғылынан солтүстікке қарай Кіші Алматы өзенінің бойымен «Қайрат» шағынауданының Береке-2 тұрғын массивіне дейін, одан әрі шығысқа қарай Кіші Алматы өзеніне дейін, Кіші Алматы өзенінің бойымен оңтүстікке қарай Көрімдік көшесіне дейін. Көрімдік көшесімен шығысқа қарай Жаяу Мұса көшесіне дейін. Жаяу Мұса көшесінен оңтүстікке қарай Рысқұлов даңғылына дейін.

№551 сайлау учаскесі

Орталығы: «№198 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Жас қанат» шағынауданы, 129 үй.

Шекарасы: «Жас қанат» шағынауданынан 1/74 үйден батысқа қарай 533/1 үйге дейін, одан әрі солтүстікке қарай 498 үйге дейін, одан әрі шығысқа қарай «Жас қанат» шағынауданындағы қопқабаты үйлерді қоса алғанда.

ЖЫР-МҮШӘЙРА



Суретті түсірген Самат Құсайын

«АЛАШТЫҢ АЗАТТЫҚ РУХЫ»



Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Осынау айтулы оқиға аясында еліміздің барлық өңірінде әлі де іс-шаралар легі толассыз өтіп жатыр.

Алматыда қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен өткен халқымыздың қайталанбас дара тұлғасының есімін жаңғыртып, рухын жаңғыртқан «Алаштың азаттық рухы» деп аталатын жыр мүшәйрасы өз мәресіне жетті.

Осыдан аз ғана уақыт бұрын Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына орай ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, қазақ руханиятына қолдау көрсетіп келе жатқан AI PRODUCTION компаниясы мен «Қазақ үні» газеті, ақпарат агенттігінің редакциясы бірлесіп, халықаралық жыр мүшәйрасын жариялаған болатын. Ұлтқа қызмет етудің үлгісін танытып, бағын сынағысы келген ақындардың қарасы

өте көп болды. Сонымен, бұл күні жыр шайырлары Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына жасаған баға жетпес еңбегін өлеңмен безбендеп, жырларына арқау етті. Өз ұлтының келешегі үшін жанын пидә еткен алаштың арысына арналған отты жырлар жүректен-жүрекке жетіп жатты. Дегенмен, Алаш арысына жыр арнаған тұлпарлардың ең жүйрігі танымал болып, бас жүлдені иеленді. Құрамында танымал ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері бар әділқазылар алқасы қара қылды қақ жарды. Бас жүлдені белгілі ақын Әлібек Шегебай жеңіп алса, Қорғанбек Аманжол, Алмас Ахметбеков, Аманғазы Кәріпжан, Қадірбек Құнипияұлы, Абзал Бөкен, Сұраған Рахметұлы, Қайырбек Шағыр, Ақылбек Шаяхмет, Роза Сейілхан, Мағиза Құнапия жүлделі орындарды еншіледі. Бұл жолы да аталмыш жыр додасына демеушілік жасап, рухани мәдени іс-шараларды өз қаражатымен өткізіп жүрген меценат-кәсіпкер Айнуір Жұмашқызына қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халибеков шаһар басшысының Алғыс хатын табыс етті. «Атымтай Жомарт» атаған кәсіпкер қыз үлкен сауапты істің ұйтқысы болды.

МЕРЕЙ



Алматы қаласы әкімшілігінің қолдауымен көрнекті ақын, сазгер Жарылқасын Аманұлы тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш-тақта орнатылды.

Болмысы бөлек қаламгер еді

Поэзия мен проза жанрын бөле-жара қарамай, қатар қалам сермеген ақынның соңында бірнеше жыр жинақтары қалды. Өмірін өлеңмен астастырып, қолынан қаламы түспеген ақын отбасында ұрпағына ақылшы, үлгілі әке болды. Ақын Жарылқасын Аманұлы отбасында бес ұл, бес қыз тәрбиеленді.

Алғашқы сөз кезегін алған Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет ақын әрі сазгер Жарылқасын Аманұлының адами қасиеті, табиғи таланты, бөлек болмысы туралы тебірене еске алды.

– Әкеміз жұмыс бөлмесінде отырған кезде біздің тарапымыздан баса-көктеп кіріп бару деген болған емес. Тек анамыз арқылы ғана келгенімізді, сәлем беруге келіп тұрғанымызды білдіретін едік. Рұқсат бермесе, кері қайтып кететінбіз. Әкеміздің сол мінезі есімде қалыпты, – дейді ақынның ұлы Әбілқасым Аманов.

Табиғатынан жаратылысы кесек тұлға өлең әлемінен өзге, қоғамдық өмірге де белсене араласып, «Бәйдібек баба», «Ұлы дала» атты қоғамдық қорларға да басшылық жасады. Музыкалық оқу орындарына арнап жазған оқулықтары да ұрпақ кәдесіне жарап, ұлтына қызмет етіп жатыр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ – 125

ДӘУІР КЕМЕҢГЕРІ

«Мұхтар Әуезов мұрасы және әлемдік өркениет» атты конференция өтеді



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Биыл заманымыздың заңғар жазушысы, ғалым, қайраткер Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толды. Жазушының мерейтойына орай елімізде бірнеше іс-шара өткізу жоспарланған. Солардың бірі – «Мұхтар Әуезов мұрасы және әлемдік өркениет» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция.

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛАУЛЫ ТҮЛҒАСЫ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қазақстанның халық әртісі, композитор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет», «Отан» орденінің, «Платиналы Тарлан» сыйлығының иегері Ескендір Хасанғалиевтің құрметіне мемориалдық ескерткіш-тақта қойылды.

«Өткен ғасырдың екінші жартысында дүр етіп, қазақ өнерінің қасқалары Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсейітов, Ескендір Хасанғалиев ағаларымыз төртеуі бірдей барлық қазақты ән әлеміне бөлеген болатын. Мен Ескендір ағаның кәсіби інісі ретінде айтарым, ол кісінің жазғандары көп болмады. Аз болса да сапалы, сәнді, мағыналы жазды. Талғаммен таңдалған әндерді орындады. Сонау ерте кезде жазылған «Асыл арман», «Әдемі-ау», «Сағындым сені», «Бозторғайым» секілді әндерімен жұртшылықтың жүрегіне жол тауып, қалың еліміздің сүйікті әншісіне айналды. Ағаммен талай іссапарларда бірге болдым. Сол кезде ағамыз кейінгі толқын інілеріне сыни көзбен емес, мейірімді жүрекпен, әдемі көзбен қарайтын. Ағалық ақыл-кеңесімен бөлісетін. Қазақ барда Ескендір Хасанғалиевтің әндері мәңгілік өлмейді. Ағамызға мемлекет тарапынан «Қазақстанның Еңбек Ері» деген атақ берілсе, көптік етпейді», – дейді Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әнші-композитор Алтынбек Қоразбаев.

Іс-шараның өтуіне Алматы қаласы Мәдениет басқармасы атсалысты. Мемориалдық тақтаның



Суретті түсірген Самат СЕРІҚБАЙҒҰЛЫ.

салтанатты ашылу рәсіміне әншінің туыстары, дос-жарандары, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

«Бүгінгі заман тарихының қайталанбас куәсі болғалы отырмыз. Қазақ өнерінде ерекше құбылысымен көпшіліктің махаббатын жаулаған ағамыздың ескерткіш-тақтасы ашылғанына қуаныштымыз. Бұл тақта Ескендір Хасанғалиевтің тарих беттерінде мәңгі сақталуына септігін тигізеді деп санаймын. «Жақсының жолы жарық» дейді ғой. Қай буын өкілі болмасын ағаның өлеңімен тәрбиеленіп, өсіп келе жатқаны бізге белгілі. Сол себептен, біз ол кісінің өнерін еш уақытта ұмытпаймыз», – дейді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

70-жылдары өнер әлеміне келген аса талантты шоғырдың бел ортасында композитор Ескендір Хасанғалиевтің есімі ерекше құрметпен аталады. Оқшау ой, өзіндік әуезді үнін айқын танытқан сазгер болды. Ол кең байтақ Отанымыз – Қазақстанды, туған халқы – қазақты өзіне ғана тән зор шығармашы-

Мерейтойлық жиынға арналған құттықтауларды М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қабылдайды. Конференция 27 қыркүйек күні басталады. Алдымен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдарымен кездесу өтіп, конференция қатысушылары Әуезовтің музей-үйін аралайды. 28 қыркүйек күні М.Әуезовтің ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді. Сондай-ақ, «Менің Әуезовім» республикалық шығармашылық сайыстың жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтеді. Ал 29 қыркүйек күні бойы шетелдік қатысушыларға арналған мәдени бағдарлама болады.

Айта кететін жайт, ғалымның мерейтойын атап өту жөніндегі жалпы республикалық жоспарға сәйкес биыл 4 бағыт бойынша 82 іс-шара ұйымдастырылады. Оның ішінде Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейі ғимаратына ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізіліп, Шолпан-Атада жазушының бюсті орнатылды. Мектеп оқушыларына арналған «Әуезовтану» бейнедерістер циклы әзірленіп, әдеби подкасттар жасалады. Халықаралық театр фестивалі өткізіліп, «Ақан-Зайра» трагедиясы алғаш рет сахаланады. Сондай-ақ, «Қилы заман» повесі бойынша телехикая түсіріледі.

Мәдени іс-шаралар аясында шетел мұрағаттарында Мұхтар Әуезовке қатысты құжаттар зерделеніп, тың материалдарды іздестіру қарастырылған. Одан бөлек, өңірлік деңгейде жоспардан тыс 500-ден аса мерекелік шара өткізу жоспарланып отыр.

Мұхтар Әуезовтің шығармашылық жолы 1917 жылы екі ғашықтың трагедиялық тағдырын жыр еткен «Еңлік-Кебек» атты пьесаны жазудан басталды. Жазушының бүкіл шығармашылық жолының шарықтау шегі болатын «Абай жолы» атты 4 томдық романы оның әлемдік деңгейде танылуына зор септігін тигізгені ақиқат. М.Әуезовтің әңгімесі негізінде 1973 жылы Т.Океев режиссері түсірген «Көксек» фильмі КСРО-дан «Оскар» сыйлығына ұсынылды. Оның шығармалары бірнеше рет қайта басылып, әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Мұхтар Әуезовтің есімімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің әдебиет және өнер институты, Қазақ академиялық драма театры, Алматы, Астана, Семей қалаларындағы көшелер мен мектептер аталды.

Жазушыға республиканың барлық өңірінде ескерткіштер орнатылған. Қазақ телевизиясы ұлы жазушы туралы 12 сериялы деректі фильм түсірді (авторы Ә.Тойбаев). М.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуы ЮНЕСКО шешімімен 1997 жылы дүние жүзінде аталып өтті.